

ЖАҢА ЖОБАЛАР ХАЛЫҚ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСАРТУҒА МІНДЕТТІ

2-бет



2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН 80 МЫҢ ҚАНДАС КӨШІП КЕЛЕДІ

4-бет



Талас ОМАРБЕКОВ:

АРЫСТАРЫМЫЗ САЯСИ ТҰРҒЫДАН ӘЛІ ДЕ АҚТАЛҒАН ЖОҚ

5-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №26 (948) 5.07.2021 jyl




## ЗАҢҒАР ЗАҢГЕР

...Үлесіне сондай Бақ пен Абырой тиген қазақтың ұлттық тұлғаларының бірі – академик Салық Зиманұлы Зиманов. Салық ағамыздың өмірбаянына зер салсаңыз, оның әуел бастан отаншылдық дүниетанымының берік қалыптасқанына көз жеткізу ешқандай қиындық туғызбайды.

8-9 бет

# «7-БАПТЫҢ 2-ші ТАРМАҒЫНА ӨЗГЕРТУ ЕНГІЗУ КЕРЕК»

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ҚАТЫСТЫ ҚАРАР ҚАБЫЛДАНДЫ




3 бет

Ақмола облыстық соты мен Ш.Уәлиханов атындағы КМУ бірлесіп, «Әлем елдерінің мемлекеттік тілдерге деген көзқарасы» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді. Аталмыш жиынға облыстық, аудандық сот төрағалары, мемлекеттік қызметкерлер, адвокаттар, ЖОО өкілдері т.б. қатысты. Конференция қорытындысы ретінде арнайы ҚАРАР қабылданды. «Қазақ үні» Қарар мәтінін оқырман қауымға ұсынады.



Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ:

## БАЛАБАҚША ЖАСЫНАН БАСТАП ТӘРБИЕНІ ТЕК АНА ТІЛІНДЕ СІҢІРУ КЕРЕК

Біз тәуелсіздік алғалы 30 жыл бойы ескі мен жаңаның шарпысуында ғұмыр сүріп, тұрмыс кешіп келеміз. Көзіміз жеткен анық мәселе: жаңа заманға, жаңа буынға жаңа қағидалар керек. Ал оны кім жасап береді? Біздің идеологтарымыз асықпайды, философтарымыз әлі толғатып жүр.

6 бет



## СОЛТҮСТІКТІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАЛАРЫНА АЯТЖАН АХМЕТЖАНҰЛЫН ЖІБЕРУ КЕРЕК

«МЕН ОРЫСША БІЛМЕЙМІН» деп МАҚТАНЫШПЕН АЙТАТЫН МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ

16 бет

## РК: ПОЧЕМУ НЕ ПЕРЕНИМАЮТ ОПЫТ ИСЛАМСКОГО БАНКИНГА?



Пандемия COVID-19 вызвала кризис во всем мире во многих отраслях экономики. Если раньше были финансовые кризисы, кризисы по экономическим причинам или из-за падения цен на нефть, то нынешний кризис возник оттуда, откуда никто не ждал – из-за карантина, локдауна, закрытия границ и предприятий, простаивания целых отраслей экономики. Люди просто оказались изолированными в условиях карантина.

10 бет

# ЖАҢА ЖОБАЛАР ХАЛЫҚ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСАРТУҒА МІНДЕТТІ

**Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысын өткізді. Жиында ұлттық жобалардың әзірленуі негізгі мәселе ретінде қарастырылып, жан-жақты талқыланды.**



Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Қайрат Келімбетов Қасым-Жомарт Тоқаевқа Агенттік пен Үкімет бірлесіп әзірлеген он ұлттық жобаны таныстырды. Бұл жобалар Жалпыұлттық басымдықтар мен 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын жүзеге асыруға бағытталған. Кеңес мүшелерінің пікірін тыңдаған Қасым-Жомарт Тоқаев біркатар ұсыныс айтып, Үкіметті нақты, шынайы, халыққа түсінікті және олардың тұрмысын жақсартуға бағытталған міндеттерді шешуге шақырды.

Қазіргі кезде халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты қыруар мәселе қалыптасып отыр.Биылғы қуаңшылық ауыл шаруашылығына кері әсер етіп жатыр. Мемлекет басшысы ұлттық жобаларды жүзеге асыруға өте көп қаржы бөлінетінін, осыған байланысты жемқорлық мәселесі қатты алаңдататынын білдірді. Ірі жобаларды жүзеге асыруға байланысты бөлінген қаржының бір бөлігін қалталарына басатындар туралы ашық айтты. Сондықтан Үкімет пен тиісті агенттікке аталған мәселені мұқият қарауды ескертті. «Ұлттық жобаларды жүзеге асырудың пайдасы халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталуы тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент ұлттық жобаларды жүзеге асыруға бөлінетін қаржының тиімді жұмсалуын бақылауды және Үкімет пен Агенттікке 15 тамызға дейін бағдарламалардың нақты, келісілген әрі қаржылай қамтамасыз етілген мәтінін енгізуді тапсырды.

# ТИІМСІЗ ЖҮЙЕ БЮРОКРАТТЫҚҚА АЙНАЛАДЫ

**ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев «Ашық диалог» алаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жемқорлықпен күрес туралы соңғы мәлімдемесіне қатысты пікір білдірді.**

Апта ішіндегі басты саяси ақпараттарға талдау жасалған бағдарламада Дәурен Абаев арам ойы болмай жемқорлық қателікке бой алдырған мемлекеттік қызметшіге қылмыстық жаза қолданбау туралы ҚР Президентінің пікіріне түсінік берді. «Бұл мәселедегі мемлекет саясатын толық түсіндіру үшін маған көзге көрінеу жайттарды айту керек сияқты. Қазір билік мемлекеттік басқарудың сапасы шынымен төмендеп кеткенін көріп, біліп отыр. Біз орталық деңгейде де, жергілікті ауқымда да басқару ісінде жүйелік сипаттағы қателіктер көбейгенін түсініп отырмыз», - деді Президент Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары. Дәурен Абаевтың сөзінше, жемқорлық туралы сөз болғанда қазір бәрі жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстық, непотизм, бюрократия сияқты мемлекеттік аппараттың түрлі ақауларын айтатын болған. «Ал осы проблеманы қалай шешу керек дегенде адал емес, ақылсыз, білімі жоқ адамдардың орнына қызметке лайық, адал, ақылды, білімі бар адамдарды қою керек дегенді жиі айтады. Әрине, бұл әдемі естіледі. Бірақ проблема басқада. Кез келген шенеунік қалыптасқан нүктелердің белгіленген жүйесінде жұмыс істейді. Оны кәсіби экожүйе деуге болады. Бұл экожүйе іш пыстыратын дүниелерден құралған. Ол – регламенттер, лауазымдық нұсқаулықтар, қызметтік иерархияның ерекшеліктері және тағы басқалар. Көбінесе бұл параметрлер былай құрылған. Сен тіпті, Нобель сыйлығының үш мәрте лауреаты немесе мегакреативті интеллектуал болсаң да, ерте ме, кеш пе, бәрі бір қағаз бен есептерге көміліп отыратын классикалық шенеунікке, бюрократқа айналасың», - деді спикер. Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел аузында жүрген аталмыш тапсырмасы мемлекеттік басқару жүйесінің параметрлерін өзгерту жолындағы алғашқы қадамдардың бірі екенін айтты.



# ҚЫМБАТШЫЛЫҚТЫҢ ҚЫРЫҚ ЖАНЫ БАР

**Баяғыда қазақ атамыз «қыздың қырық жаны бар» дегені есімізде. Қазіргі қыздардың қанша жаны барын кім білсін, бірақ мына қымбатшылық атаулының қырық жаны бар екеніне көзіміз әбден жетіп болды.**

Азық-түліктен бастап барлық тауарлардың жақында бағасы жоғарылағынын бәрміз көріп отырмыз. Күзде қарақұмық қымбаттап, келісі 800 теңгеге жетуі әбден мүмкін деген болжамдар айтыла бастады. Себебі, кәсіпкерлер биыл құрғақшылық салдарынан өнім аз шығады деп қауіптеніп отыр.

Құрғақшылық өз алдына, егін оратын техникаға қажет дизель құнының өсуі де кері әсерін тигізбей қоймайды. Былтыр осы кезеңде қарақұмықты өсірушілер келісін 150 теңгеден өткізсе, қазір 265 теңгеден сатады. Өңделіп, кептіріліп дүкен сөрелеріне жеткенде, бағасы 400 теңгенің төбесіне шығады.

Қарақұмық негізінен еліміздің солтүстік облыстарында өсіріледі. Қазір дүкен сөрелерінде бұл дақыл жеткілікті. Дүрбелең байқалмайды. Дегенмен ауыл шаруашылығы бойынша сарапшылар бұл дауыл алдындағы тыныштық деп отыр. Себебі, күзде қарақұмық бағасы екі есеге дейін көтерілуі кетуі мүмкін екен.

Бір ғана қарамұмық қайғы емес шығар. Биылғы қуаңшылық басқа да өсімдік өнімдерінің бағасын көтеріп, қымбатшылыққа әкелетінін болжау қиын емес. Шөпсіз, жемсіз қалған малдар біркатар өңірлерде шығынға ұшырап жатқанын білеміз. Сондықтан Үкімет тарапынан осы мәселеге қатысты шұғыл шаралар қарастыру қажет.

# ТЕМЕКІНІ ТЫҒЫП САТАМЫЗ БА?

**Темекіні дүкен сөресіне қоюға тыйым салынды. Енді елімізде темекі қымбаттап, ең арзаны 520 теңге тұрады. Бұл осы жылдың соңына дейін бекітілген баға. Одан кейін де тауар бағасы әр алты ай сайын өсіп отыратын болады.**



Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстегі жаңа талап бойынша, темекіні сөрелерге тізіп қойып сатуға тыйым салынады. Сатылымдағы тауар тізімі мен бағасын қағазға жазып, іліп қоюға ғана рұқсат. Әрі онда ешқандай сурет болмауы керек. Бұл зиянды әдеттен арылғысы келетіндердің жағдайы үшін жасалып отыр. Заңға бағынбаған кәсіпкерлер әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Темекіні ашық сатқандар 60 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл арқалайды, шамамен 200 мың теңге көлемінде. Ал талапты үлкен сауда желілері бұзса, айыппұл 450 айлық есептік көрсеткішке жетпекші. Жағдай тағы қайталанса, айыппұл сомасы одан да көбейеді.

Бір қарағанда өте дұрыс шешім секілді. Бірақ оның астарында не жатыр? Бұл бір-бірін аяқтан шалудан шаршамайтын бизнес өкілдері арасындағы текетіреске де ұқсайды. Өйткені ертеңгі күні бұл тауардың «қара базардағы» саудасын ашып жіберуі әбден мүмкін.

# ОЛИМПИАДА КӨРЕРМЕНДЕРСІЗ ӨТУІ МҮМКІН

**Жапония премьер-министр Ёсихидэ Суга Токиодағы Олимпиада ойындары елдегі COVID-19 жағдайына байланысты көрермендерсіз өтуі мүмкін екендігін мәлімдеді.**



«Мен бұған дейін де көрермендердің болмауы мүмкін екенін айтқанмын», – деді премьер-министр журналистерге. – Қалай болғанда да, біз жапон халқының қауіпсіздігін басты міндетіміз деп санаймыз». Өткен айда олимпиаданы ұйымдастырушылар 23 шілдеде басталатын ойындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сыйымдылығы 10 000 адамға дейін болатын нысандарды 50 пайызға дейін толтыруды ұйғарған еді.Алайда Токиода өткен айда коронавирусқа байланысты төтенше жағдай алынып тасталған соң инфекция күрт артты. Бұл көп жанкүйер жиналатын ойындарды өткізуге бола ма, жоқ па деген күдіктің күшейгенін білдірді премьер-министр.

# ТЕХНОЛОГИЯ ТАРИХҚА КЕСІРІН ТИГІЗБЕСІН

**Киелі Түркістандағы 87 миллиардқа салынған Керуен сарай кешенінен дау арылмай тұр. Әлеуметтік желілерде жақында ғана пайдалануға берілген нысанның әр жерінен бір кем-кетік шығып жатқаны қызу талқыланып жатыр.**



Жаңадан салынған Керуен сарай кешені Түркістанда танымалдығы жағынан Қожа Ахмет Яссауи кесенесінен кейінгі екінші орында тұр. Бірақ алып кешеннің сыры кеппей жатып сыннан көз ашпай жатыр. Миллиардтаған қаржыға салынған орасан нысанның сапасы көпшіліктің көңілінен шықпады. Әсіресе, күмбездің астындағы қабат құлаған видео әлеуметтік желіге тарап, жұрттың қызу талқысына түсті. Бұған дейін нысанның күмбезі желмен ұшып біраз шулатқан еді. Ал қабырғасы пенопласттан жасалғаны күдікті күшейте түсті. «Керуен сарайды брендке айналдырамыз» дегеннің ар жағында пенопласттан жасалған арзан нәрсе тұр дейді тарихи орынға келушілер.

Кешен өкілдерінің айтуынша жаңа технологиялық материалдар сапалы және зиянсыз. Жаңа технологияға ешкімнің дауы жоқ, бірақ Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің бояуының өзі ғасырларға шыдағанын да ұмытпау керек шығар. Бір соққан дауылға күмбезі қарсы тұра алмаса оның сапасының қандай екені онсыз да түсінікті емес пе? Сондықтан, әдеттегідей жаңа технология деп сылтау айту орынсыз дер едік.

# ЕКПЕ ЕНДІ МІНДЕТТІ БОЛМАҚ

**Коронавирусқа қарсы вакцина салдыру ақыры міндеттелетін болды. Еліміздің бас санитар дәрігері біркатар сала қызметкерлеріне арнап қаулы шығарды. Жаңа қаулы бойынша, олар шілдеің 15-іне дейін вакцинаның бірінші бөлігін алып үлгеруі керек.**

Бұл талап екпеге қарсы көрсеткіштері бар адамдарға және соңғы үш ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарға жүрмейді.

Бас санитар дәрігер Ерлан Қиясовтың арнайы қаулысында екпе салдыруға міндеттелген мекеме, ұйымдардың тізімі көрсетілген. Барлығы да халыққа қызмет көрсетумен айналысатын нысандар. Дегенмен, таңдау да беріліп отыр. Егер екпе салдырғысы келмесе, онда жеті күн сайын ПТР-тестіден өтіп, таза екеніне көз жеткізіп отыруы керек.

ҚР ДСМ санитария-эпидемиология бақылау комитетінің ресми өкілі Ержан Байтананың айтуынша Мониторинг топтар тексеріс жүргізеді. Солар анықтап, орындалмаған жағдайда құжаттарды барлық өңірлік санитария-эпидемиология бақылау департаменттеріне жібереді. Содан кейін оларға әкімшілік кодекс бойынша іс қозғалып, жаза қолданылады.

**Ақмола облыстық соты мен Ш.Уәлиханов атындағы КМУ бірлесіп, «Әлем елдерінің мемлекеттік тілдерге деген көзқарасы» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді. Аталмыш жиынға облыстық, аудандық сот төрағалары, мемлекеттік қызметкерлер, адвокаттар, ЖОО өкілдері т.б. қатысты. Конференция қорытындысы ретінде арнайы ҚАРАР қабылданды. «Қазақ үні» Қарар мәтінін оқырман қауымға ұсынады.**

**МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ:**

1. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік органдар және өзге де ұйымдарға мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған іс-шараларды жүйелі түрде өткізу;

жазуға мүмкіндік беретін, емле ережесіне қатысты қателерді іздеп табатын компьютерлік бағдарламаны, сондай-ақ дауыс таспасын (аудио) мәтінге айналдыратын арнайы дыбыстық конвертерді енгізу мәселесін қарастыру;

9. Мемлекеттік тілдің мемлекеттік басқару тілі ретінде қолданылуын, осы мақсатта облыс аумағындағы мемлекеттік басқару органдарында жиналыс, мәжіліс, кеңестердің мемлекеттік тілде өткізілуін, азаматтарды қабылдау, олардың өтініш-

2. Нақты істерді қарауда, тергеу барысында бірлі-жарымды мемлекеттік тілді меңгермеген тұлғалар үшін іс жүргізу тілін мемлекеттік тілден өзге тілге ауыстыру практикасын жойып, жоғарыдағы азаматтардың конституциялық құқын бұзбау үшін тілмәш көмегін пайдалануға;

3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 738- бабының талаптарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдар әкімшілік жауап-

лап арыз берілген тілді жеткілікті дәрежеде білетіндігін, сот ісін жүргізудің мәні мен мағынасын түсінетіндігін анықтап, оларға іс жүргізу тілін мемлекеттік тілде жүргізу құқықтары жан-жақты түсіндіріліп, мемлекеттік тілден өзге тілде берілген талап арыздарды заң талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік тілде қаралуын басты назарда ұстау;

2. Қылмыстық істер бойынша сотталушылар қазақ ұлтты тұлғалары болған кезде, істі қабылдап, сотқа дейінгі іс жүргізу барысында алдын ала

# «7-БАПТЫҢ 2-ші ТАРМАҒЫНА ӨЗГЕРТУ ЕНГІЗУ КЕРЕК»

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ҚАТЫСТЫ ҚАРАР ҚАБЫЛДАНДЫ

### АҚМОЛА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫ МЕН Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ КМУ БІРЛЕСІП, «ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕРГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКІЗГЕН ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚАРАРЫ




Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптарын, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын», Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 30 -бабын, Азаматтық – процестік кодексінің 14-бабын, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 738-бабын басшылыққа ала отырып, «Әлем елдерінің мемлекеттік тілдерге деген көзқарасы» тақырыбындағы конференцияда қабылданған қарар:

Ішкі саясат басқармасына:

1. Мемлекеттік тіл туралы жаңа заң қабылдау және мемлекеттік тіл туралы заңның атына сай қолданылуы үшін Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабына өзгертулер енгізу жөнінде Тіл саясаты комитетіне ұсыныс жасау;

2. Мемлекеттік мекеме және заңды тұлғалар тарапынан «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының талаптары сақталмаған жағдайда әкімшілік жауаптылық мәселесін қарастыру.

2. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының орындалуында барлық мемлекеттік мекеме, ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс жүргізуде, мемлекеттік мекемелер арасындағы хат алмасуда тек мемлекеттік тілдің қолданылуын және мемлекеттік мекемелер мен органдар тарапынан сотқа жолданатын іс-қағаздарын мемлекеттік тілде берілуін қамтамасыз ету;

3. Мемлекеттік тілді меңгермеген қызметкерлер үшін тілді үйрену курстарының ұйымдастырылуын басты назарға алу;

4. Мемлекеттік мекемелер мен органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясына, ахуалына жылына 2 рет мониторинг жүргізу;

5. Мектеп, колледж, университет және тағы басқа да білім ошақтарында дәрістер оқуда мемлекеттік тілге басымдық беру.

2. Заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік органдардың құжаттары мен хаттарын, ақпараттары мен есептерін, іс-қағаздарын және тағы да басқа құжаттарын рәсімдеудің негізгі нұсқасын – тек мемлекеттік тілде жүзеге асыру;

3. Сот, мемлекеттік мекеме және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, адвокаттар және көпшілікке қызмет ету мекемелерінің қызметшілерін міндетті түрде мемлекеттік тілден емтихан тапсыруға міндеттеу;

4. Мемлекеттік қызметшілер, судьялыққа, адвокаттық және нотариустық қызметпен айналысуға ниет білдірген үміткерлер тапсыратын тестілеуде мемлекеттік тілден алынған бағаны (балл) тестілеудің жалпы қорытынды бағасына енгізу;

5. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтаудың жүйесі мен тәртібін белгілеу, оның қажетті механизмдерін жасау;

6. Мемлекеттік тілді үйренуге ынталандыру мақсатында мемлекеттік тілді жетік меңгерген мемлекеттік және азаматтық қызметшілерге мемлекет тарапынан қосымша қаржыландыру жұмыстарын жүзеге асыру;

7. Тілдерді оқыту орталықтарында оқып, сертификат алған қызметшілерге мекеме басшылығы тарапынан қадағаланып, олардың өз құжаттарын мемлекеттік тілде рәсімдеуіне талап қою;

8. Мемлекеттік тілде сауатты

тілектерімен жұмысты міндетті түрде қазақ тілінде жүргізуді қамтамасыз ету мәселесін ұдайы бақылауда ұстау;

10. Бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет кеңістік саласында қазақ тілінің қолданылу аясына басымдық беру.

11. Облыс аумағындағы барлық сыртқы және ішкі көрнекі ақпараттарда тіл заңнамасы талаптарының орындалуын назарда ұстау;

12. Тіл саясатын жүйелі, табандылықпен іске асыру үшін осы салада атқарылатын барлық жұмыстарға принциптік бақылау орнату үшін еш себепсіз жабылып қалған облыстық тіл басқармаларын, мемлекеттік тілді оқыту орталықтарын қайта ашу. Бұл басқармаларға Тіл заңының қоғамда орындалуын тексеру, орындалмаған жағдайда қатаң талап қою, тіпті әкімшілік жаза қолдану сияқты тиісті құқықтық құзіреттер беру.

Құқық қорғау органдарына:

1. Прокурорлар, тергеушілер және басқа да сотқа дейінгі тергеу амалдарын жүргізетін тұлғалар Қазақстан Республикасы Конституциясының 7- бабына, «Тіл туралы» Заңның 4- бабына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 30-бабына сәйкес күдіктіге, айыпталушыға оның сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу туралы құқықтарын жан-жақты түсіндіріп, олардың құқықтарын барынша сақтап, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған нақты іс-шаралар атқару;

кершілікке тартылған адамдарға қатысты хаттамаларды толтыруда мемлекеттік тіл туралы құқықтары түсіндіріліп, олардың мүдделерін қорғауды осы заңда белгіленген тәртіп бойынша қамтамасыз етілуіне басты назар аудару;

4. Мемлекеттік органдар мен мекемелер іс қағаздарын жүргізуде ҚР «Тіл туралы» Заңның 4- бабын сақтап, сотқа талап-арыздар мен сот ісінің құжаттарын мемлекеттік тілде жасақтау;

5. Мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік қызметке қабылданған кезде олардың міндетті түрде мемлекеттік тілді меңгеруіне баса назар аудару;

Прокуратура органдарына:

1. Прокуратура органдарына Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабының, мемлекеттік органдар мен мекемелер іс қағаздарын жүргізуде ҚР «Тіл туралы» Заңның 4-бабының сақталуын қадағалау мәселелерін назарға алу және жылына 2 рет мониторинг жүргізу;

**ОБЛЫС СОТТАРЫНЫҢ СУДЬЯЛАРЫНА:**

1. «Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №13 Нормативтік қаулысына сәйкес судьялар қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерді сот талқылауына дайындау сатысында құқық бұзушының, талап қоюшының, арыз берушінің та-

тындауды тағайындап, іс жүргізу тілінің дұрыстығын басты назарда ұстау; Сотталушының істін бұдан әрі қарай мемлекеттік тілде жүргізілуіне пікірін анықтап, оған құқықтық баға беру;

3. Судьялар істерді зерделеу және сот талқылауына дайындау барысында аудио-бейне жазбаны үнемі қолданылуын қамтамасыз етіп, ай сайын талдау жасау;

4. Құқық қорғау және мемлекеттік органдар тарапынан «Тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қағидаты сақталмаған жағдайда оларға қатысты жекеше (жеке) қаулы шығару.

5. Мемлекеттік тілде сот төрелігін сапалы жүзеге асыру мақсатында судьялар және судьялыққа үміткерлердің мемлекеттік тілді меңгеруіне баса назар аудару;

6. Сот төрелігін жүзеге асыруда мемлекеттік тілдің қолданылу аясына, ахуалына апта сайын мониторинг жүргізу;

7. Апелляциялық сот алқаларының төрағаларына Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 30-бабына, Азаматтық – процестік кодексінің 14-бабына, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 738 - бабының талаптарына сай істерді мемлекеттік тілде жүргізуді қатаң бақылауға алып, бұзушылықтарға жол берген судьяларға қатысты нақты шаралар қабылдануын назарда ұстау.

Соттар әкімшісіне:

1. Сот процестерін мемлекеттік тілде жүргізу үшін соттарда мамандандырылған аудармашы лауазымын енгізу және сот маманы лауазымына үміткерді қызметке қабылдауда мемлекеттік тілді білу деңгейіне баса назар аудару.

2. Соттардағы кіріс, шығыс, ішкі құжаттардың тек мемлекеттік тілде рәсімделуіне баса назар аудару.

3. Аталған конференцияның қарары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, мүдделі мемлекеттік органдар мен мекемелер назарына жеткізу.

# ҚАНДАСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ АЛУ РӘСІМДЕРІ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛУДА

## 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН 80 МЫҢ ҚАНДАС КӨШІП КЕЛЕДІ

**ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» партиясы фракциясы мүшесі Қазыбек Иса Қазақстан Республикасы Үкіметіне «ҚАНДАСТАРҒА БІРДЕН АЗАМАТТЫҚ БЕРІЛУІ КЕРЕК. КӨШ ҚАРҚЫНЫ 100 ЕСЕДЕЙ АЗАЙЫП КЕТКЕН...» атты депутаттық сауал жолдағаны белгілі. Онда көш қарқыны күшеюі үшін көптеген түйткілді мәселелердің шешілуі, қандастардың ұлтының қазақ екенін анықтауды шешу және Көші-қон агенттігінің қайта құрылуы керектігі туралы және т.б маңызды ұсыныстар айтылған болатын. Аталған депутаттық сауалымызда ұсынған ұсыныстарымыздың басым бөлігінің шешіліп жатқанын баяндаған ҚР вице-премьері Е.Тоғжановтың жауабын жариялап отырмыз.**

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ «АҚ ЖОЛ» ФРАКЦИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ (ТІЗІМ БОЙЫНША)

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің қандастарды қолдауға қатысты сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы «Халықтың көші-қоны туралы» Заңына сәйкес жұмысқа орналастыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы орындар, орта білім беру ұйымдарының мүмкіндіктері ескеріле отырып жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

2020 жылдың қорытындысы бойынша 13 мыңнан астам адам көшіп келіп, қандас мәртебесін алды, оның ішінде өңірлік қабылдау квотасы бойынша 1 378 адам. 2025 жылға дейін 80 мың қандастың, оның ішінде 2021 жылы 12 мың қандастың қайта оралуына жәрдемдесу жоспарлануда. Осыған байланысты, шетелден келетін қандастар санын ұлғайту мақсатында қандастарды қабылдау квотасы қайта қаралатын болады.

Этникалық қазақтар үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 13 мамырдағы Заңымен қандастарға бір мезгілде Қазақстанда тұрақты тұруға рұқсат алуға және Қазақстан азаматтығына жеңілдетілген тәртіпте қабылдауға құжаттар тапсыруға мүмкіндік беретін норма енгізілді. Бұл құжатты қарау мерзімін 6 айдан 3 айға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Анықтама ретінде: бұрын этникалық қазақтар Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға құжатты ресімдеген (2 ай), одан әрі тұруға ықтиярхат әзірленеді (1 ай) және содан кейін ғана Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауға құжаттар тапсыратын (3 ай).

Қазіргі уақытта, мүдделі мемлекеттік органдар азаматтық алу рәсімдерін оңтайландыруға, тиісті құжаттар санын және оларды ресімдеу мерзімдерін 2 есеге (46-дан 20-ға дейін) қысқартуға бағытталған «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі Жол картасын іске асыруда.

Осы Жол картасы аясында, биылғы жылдың екінші жартысынан бастап қандастар Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы өңірлік квотаға енгізу, тұрақты тұруға рұқсат алу және жеңілдетілген тәртіппен азаматтық алу бойынша мемлекеттік қызметтерді «бір терезе» қағидаты бойынша ала бастайды.

Шығу тегі айқындалмаған шетелдегі қазақтарға қандас мәртебесін және Қазақстан азаматтығын беру процесін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңына түзетулер дайындалды, онда:

- жеке басты куәландыратын құжаттарда тиісті жазба болмаған жағдайда, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға «қандас» мәртебесін алуға үміткер адамдардың ұлты қазақ екенін айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту құзыретін ұсыну;

- жеке басты куәландыратын құжаттарда тиісті жазба болмаған жағдайда, жергілікті атқарушы органдарға «қандас» мәртебесін алуға үміткер адамдардың ұлты қазақ екендігі туралы шешім қабылдау құзыретін беру көзделген.

Заңнамалық түзетулер қабылданғаннан кейін өтініш берушілер үшін ұлтын онлайн режимде растау мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Қандастарға консультациялық және ақпараттық қолдау көрсететін ақпараттық орталықтар Алматы және Шымкент қалаларында, сондай-ақ Алматы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Жамбыл облыстарында қызмет етеді. Олар 2020 жылы 5 мыңнан астам өтінішті қарады.

Қазіргі күні, Қарағанды, Түркістан облыстарында және Шымкент қаласында қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталықтары жұмыс істейді. Биыл осындай орталықтарды Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында құру мәселесі пысықталуда.

2021 жылы «Отандастар» қорының бюджеті 441 млн. теңгені құрады. Биыл қорды қаржыландыру көлемі мемлекеттік тапсырыс беру арқылы 135 млн. теңгеге ұлғайтылады. Тиісті бюджеттік өтінім Республикалық бюджеттік комиссияның отырысында қаралып, қолдау тапты.

Қосымша қаражат қандастарды ақпараттық қолдау орталығын қамтамасыз етуге, қазақ диаспорасының белсенді өкілдерімен кездесу ұйымдастыруға және қазақ тарихы мен мәдениеті туралы бейнероликтер түсіруге бағытталады.

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – «Еңбек» бағдарламасы) шеңберінде қоныс аударушыларға және қандастарға берілетін субсидия мөлшері 2 есе – 35-тен 70 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.



Сонымен қатар, қандас мәртебесін алған қоныс аударушылар Қазақстан Республикасының азаматтары үшін ауыл шаруашылық саласында қарастырылған барлық жеңілдіктерді пайдалана алады.

Отандық шаруаларды қолдау бойынша пәрменді шаралар «Еңбек» бағдарламасында көзделген. Аталған бағдарламада ауыл шарушылық техникасы мен жабдықтарды сатып алу үшін инвестициялық шығындарды субсидиялау, түрлі несиелер мен лизингтер қарастырылған.

Сонымен бірге шаруаларды ынталандыру үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде қызметті жүргізу үшін оңтайлы болып табылатын, әкімшілік және салықтық жүктемені азайтуға бағытталған арнаулы салық режимдері (бұдан әрі – АСР) көзделген.

Мәселен, шаруа немесе фермер қожалықтары үшін АСР-де бірыңғай жер салығы (бұдан әрі – БЖС) негізінде 6 салық пен төлемнің орнына БЖС ғана төленеді. Сондай-ақ, БЖС төлеушілер айналым мөлшеріне қарамастан, қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайды.

Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушілер және ауылшаруашылығы кооперативтері үшін АСР-да есептелген салықтар 70%-ға төмендетіліп төленеді.

Қазақстан Республикасы Жер кодексіне сәйкес қандастар шаруа немесе фермер қожалығын және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерден және босалқы жерден уақытша жер пайдалану құқығына ие.

Осылайша, ауыл шаруашылығымен айналысатын қандастарға өз қожалығын дамыту үшін қолайлы жағдай жасалған.

Көші-қон саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру мақсатында қазіргі уақытта Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құрамында Көші-қон комитетін құру мәселелесі пысықталуда.

Шетелде тұратын этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуына байланысты, сұрақтарды оңтайлы шешу, олардың жедел бейімделуі және қазақстандық қоғамға белсенді кірігуі үшін жағдайлар жасау, бірыңғай мемлекеттік көші-қон саясатын қалыптастыру жөніндегі жұмыстар жалғасуда. Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының 2022-2026 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасы әзірленуде.

Жалпы қандастарды қолдау мәселесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұрақты бақылауында.

**Е. ТОҒЖАНОВ**

# АҚЖОЛДЫҚТАР ЖӘРДЕМАҚЫДАН ҚАҒЫЛҒАН КӘСІПКЕР ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАДЫ

**«Ақ жол» МӘСҚ-ның ойдан шығарған негіздері нәтижесінде жүктілігі және босануы бойынша берілетін жәрдемақысыз қалған кәсіпкер әйелдерді қорғауды ұсынды. Фракцияның осы мәселе бойынша хаты вице-премьер Е. Тоғжановтың атына жолданды.**

### ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Е.Л. ТОҒЖАНОВҚА

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

«Ақ жолға» әйел жеке кәсіпкерлер жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы төлеу мәселесі бойынша өтініш білдіруде. Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңға сәйкес олар сақтандыру жүйесінің қатысушылары болып табылады және әлеуметтік қатер жағдайлары басталған кезде, оның ішінде - жүктілігіне және босануына байланысты табысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар.

Бірақ соңғы уақытта МӘСҚ міндетті зейнетақы және әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін табыстың сәйкессіздігімен түсіндіре отырып, жәрдемақының осы түрін тағайындаудан бас тартуда.

Сақтандыру туралы заң бойынша жеке кәсіпкер үшін әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі – өзі дербес айқындайтын, бірақ салық салынатын кірістен аспайтын және тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақы 7 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс табыс сомасы.

Ал жеке кәсіпкер міндетті зейнетақы аударымдарын ең төменгі жалақыдан есептеуі мүмкін, бұл да зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңды бұзу болып табылмайды.

Бірде-бір заңнамалық актіде міндетті зейнетақы және әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін кірістердің міндетті сәйкестігі көзделмеген. Бұл ретте салық есептілігін тапсыру кезінде де зейнетақы және әлеуметтік аударымдарды есептеу үшін табыстардың сәйкестігі талап етілмейді.

Қордың кәсіпкер әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы төлеуден бас тартуы бұл біздің азаматтарымыздың заңды құқықтарының бұзылуы деп санаймыз.

Осыған байланысты, кәсіпкер әйелдердің құқықтарын қорғауды және уәкілетті мемлекеттік органдарға жоғарыда көрсетілген негіз бойынша жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы төлеуден бас тартуды тоқтатуды тапсыруды сұраймыз.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**



**Талас ОМАРБЕКОВ, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, академик:**

# АРЫСТАРЫМЫЗ САЯСИ ТҰРҒЫДАН ӘЛІ ДЕ АҚТАЛҒАН ЖОҚ

**– Талас аға, ХХ ғасыр ширегінде кеңестік биліктің тоталитарлық саяси жүйесінің зардабынан қазақ халқының көптеген қайраткерлері қуғаланып, жазықсыз жазаланды. Атап айтсақ, Алаш зиялыларымен қатар сол кезеңде кеңестік биліктің жауапты қызметтерін атқарған қазақ қайраткерлеріне де жалған саяси жала жауып, оларды «қылмыскер» деп танып, жоғарғы үштіктің қаулысымен ату жазасына кесілді. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін бұл қайраткерлерімізді ақтау жөнінде комиссия құрылып, онда көп жұмыстар атқарылды. Жаламен жаза арқаланған арыстарымыз ақталды. Сол жұмыстың басы қасында өзіңіз де жүрген едіңіз. Сол туралы әңгімелесеңіз ...**

– 1992 жылы біздің Парламенттің комиссиясының қаулысы шықты. Сол кезде Парламент Жоғарғы кеңес деп аталды. Ол комиссия 1991 жылы құрылған болатын. Сол комиссияның құрамына тарихшылардан мен де кірдім. Комиссия құрамында сол кездегі ішкі істер министрі Михаил Терентьевич Берсенёв, республика прокуроры, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бастығы және сол кездегі белгілі халық депутаттары Шерхан Мұртаза, Камал Самайылов, Алтыншаш Жағановалар да болды. Ал мемлекеттік комиссияны академик, демограф ғалым Манаш Қозыбаев ағамыз басқарды.

Комиссия мүшесі ретінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мұрағаттарында, яғни, бұрынғы «НКВД» құжаттарымен жұмыс істедік. Көптеген құпия құжаттармен таныстық. Сонда кеңестік биліктің Қазақстандағы жүргізген ұжымдастыру саясатына қарсы халық көтерілістері жөніндегі деректермен, елдегі ашаршылықтың зардаптарын растайтын деректермен, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған көп азаматтардың жеке істерімен таныстық. Материалдарды зерделеп, жарыққа шығардық. Осы комиссия жұмысының нәтижесінде араға бір жыл салып, яғни 1993 жылы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды.

**– 2020 жылдың 14-қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құруды және бұл тарихи кезеңге нақты баға беруді тапсырды. Сонда біздің ақталды деп жүрген арыстарымыз әлі толық ақталмағаны ма?**

– 1993 жылы қабылданған заң бойынша негізінен 58-баппен сотталғандарды ғана ақтады. Олардың ішінде халық көтерілісіне қатысқан азаматтар да бар. Алайда олар ақталғанда да, жалпылама ақталып отыр.

Енді, мәселе мынада: қазір Президентіміз Қ.Тоқаев неге қайта комиссия құрды? Қасым-Жомарт Тоқаев өте білімді, жан-жақты азамат. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияны қайта құрғаны өте дұрыс, әрі көрегендігі болды. Енді осы комиссияның тапсырмасымен жұмыс жүргізіп жатқанымызда маған біреулер: «Ой, олар ақталып қойды ғой», – дейді.

Мен оларға айтамын: «олар заңды тұрғыдан ақталды, ал саяси тұрғыдан ақталған жоқ».

Себебі, алғашқы комиссияның жұмысымен жүргізілген жалпылама ақтаулар барысында жекелеген тұлғалар ақталды. Мысалы, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Т.Рысқұловтар. Бұл тұлғаларды республиканың прокуроры заң тұрғысында қол қойып ақтады. Яғни, «58-баппен сотталған дұрыс емес» деді. Ал енді, оларға айып қылып таққан «бандиттер», «контрреволюционерлер» деген атаулар әлі алынған жоқ. Архивке барсаңыз, олар туралы «бандиттер», «контрреволюционерлер» деген барлық құжаттар алдыңыздан шығады.

Мысалы, 1930 жылдың басында Өлкелік Партия Комитетінің бюросы мәжілісі өткен. Сонда Қазақстанда болған алғашқы үш көтерілісті талқылапты. Ол – 1929 жылы күзде болған Қарақалпақстандағы Тақтакөпірдегі көтеріліс, одан кейін 1929 жылы қыркүйекте болған Батпаққарадағы көтеріліс және мына көрші Өзбекстанға кетіп қалған Бостандық ауданындағы халық көтерілістері. Осы үш ауданда болған ірі көтерілісті талқылап, Қазақстан Өлкелік партия комитетінің 1-хатшысы Голощекиннің қаулысымен бұларды «бандиттік-контрреволюциялық» көтерілістер деп айыптаған. Бұл айып сол кездегі 374 көтеріліске түгелдей таңылды.

Голощекиннің бұл қаулысын бүгінде ешкім теріске шығарған жоқ. Қаулыда айтылған «бандиттер» «контрреволюционерлер» деген сөз мүлде дұрыс емес. Бұл – партияның қате бағасы. Оны теріске шығарып, ол көтерілістерге «ұлт-азаттық қозғалыс» деп баға берілмеді. Ақтау туралы құжатта ондай сөз мүлде жоқ. Түсіндіңіз бе?!

Заң тұрғысында ақтағанымызбен, саяси тұрғыдан ақтаған жоқпыз!

Бетін аулақ қылсын, бірақ қылмыс жасаған болсаңыз, сізді екі жақтан айыптайды. Біріншi – қылмыстық істер кодексі бойынша баптармен пәлен жылға сотталады. Одан басқа тағы да саяси айыптау бар: қоғамның айыптауы, партияның, үкіметтің айыптауы. Оның мәні бөлек, жазасы – арқаңа батар ауыр сөз.

Қудаланғандардың кінәсі жоқ болғанымен, анау партияның, өкіметтің қаулыларындағы ресми құжаттардың бәрінде оларға не бір қисынсыз сөздер айтқан. Мысалы, Т.Рысқұловты айтайын. Ол кісі де толық ақталмаған. Мәскеудің Бутыркасында әлі күнге дейін сақтаулы Рысқұловты атуға кескен құжатты оқысаңыз, оны «жапон шпионы» дейді. «Түркістанда ұлтшыл «Тұран» деген партия ұйымдастырған. Ол партияның мақсаты – кеңес үкіметін құлату, Қазақстан мен Түркістанды кеңес үкіметінен бөліп әкету болған. Ол антисовет, алашордашылармен байланысты», – дейді. Т.Рысқұловты «буржуазиялық ұлтшыл» деп те айыптайды. Бұл – жаман сөз ғой. Ал енді жай ұлтшыл десе, ұлтына көмектескен азамат деп қуанар едік.

**– Сонда осы уақытқа дейін біздің ақталды деп келген арыстарымыз саяси тұрғыдан ақталмаған болды ғой. Жалпы қайраткерлеріміз қандай жағдайда толық ақталады?**

– Егер кісіге жоғарыда айтқанымыздай, жабылған қара бояулар, жаман сөздер, әртүрлі жалалар, жай емес, саяси және ресми жала болса, ол өте ауыр. Мұндай жалалар жайбарақат үйде отырып айтатын әңгіме емес, кәдімгі ресми партиялық, үкіметтік органдардың құжаттарындағы ұрпағына таңба болып қалатын айыпты жазбалар. Олар жылдар, тіпті, ғасырлар бойы архивте сақталады. Бұл құжаттарды ешкім жоя алмайды. Ертең келесі ұрпақ оқиды. Сонда: «Ой, мынау Рысқұлов дегенің осындай адам екен ғой. Кеңес үкіметіне қарсы партия құрыпты, екі жүзді адам екен ғой», – деп қате қорытынды жасауы мүмкін. Өйткені, құжаттың бәрі Рысқұловты және тағы басқа тұлғаларымызды саяси тұрғыдан қаралап тұр.

Келешекте ұрпағымыз мұндай адасуға бармауы үшін, біздер қазіргі күні басын ашып, әділін нақтылап беруіміз қажет. Ел мүддесі үшін құрбан болған тұлғаларымыздың атын саяси айыптардан тазарту міндеті алдымызда тұр. Сонда ғана ол азаматтарымыз толық ақталады. Бүгінде біз осы мәселені комиссияда талқылап жатырмыз.

Тарихшы ғалымдардың осы тұрғыдағы тұжырымдарын, дәйекті мәселелерін шешуде, келелі ойларын ортаға салып, бастама көтере білген өзі де ғалым комиссия төрағасы, мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевтың азаматтығын ерекше атап өткім келеді.

**– Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау комиссиясы мемлекеттік деңгейде және жергілікті жерлерде өңірлік комиссиялар, жұмысшы топтар болып құрылды. Сіз мемлекеттік деңгейдегі комиссияның мүшесі ретінде өңірлердегі жұмысшы топтар қай бағытта ізденіс жүргізуі тиіс деп ойлайсыз?**

– ХХ ғасырдың бірінші жартысында қуғындалғандар сұмдық көп. Ет дайындау науқанында қылмыстық кодекстің 107-бабымен, одан кейін 111-баппен және 1928 жылдан бастап астық дайындау науқаны мен тағы да басқа ауылшаруашылық салықтарына байланысты сотталғандар да көп. Содан кейін социалистік меншікті қорғау деп әлгі тракторлардың артында жүріп егістіктің масағын жинағаны үшін он жылға сотталып кеткендер де бар. Тіптен, бұл ұрлық жасағандарға екі-ақ жаза қолданған. Біреуі – ату жазасы, екіншісі – он жыл мерзімге бас бостандығынан айыру, «ит жеккенге айдау». Бұл – ашаршылық өршіп тұрған 1932 жылы шығарылған заң. Сондай жаза құшқандарға да «банды», «контрреволюционер» деп айып тағылды.

1932 жылы «социалистік меншікті қорғау» заңы қабылданған. Былай қарағанда, ұрыларға қолданатын заң ғой. Сол занда колхоздың мүлкіне қол сұғып, ұрлық істеген және қамбаны күзетіп тұрған күзетшіні өлтірген, тағы да басқа қылмыскерлердің бәрі «халық жауы» деп қаралсын дейді. Сол кезең құжаттарында барлық жерде дерлік «халық жауы» деген сөз алдымыздан шығады. Кім «халық жауы»? Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов – «халық жауы». Байқап отырсаңыз, бәрі «халық жауы». Қарап отырып ойлайсыз, қазақ ішінде жау емес адам қалмапты. Сонда қазақтың беткеұстарларының бәрі жау болған болса, «қазақ деген қандай халық өзі» деген саяси тұрғыдан сұрақ туады. Әшейіде біздің ақын-жазушыларымыз: «біз дархан халықпыз, бәлен-түгенбіз», – дейді. Баяғыда Қадыр Мырза Әли ағамыздың «Бұлбұл бағы», «Ой орманы» деген кітабында қазақтардың дархандығы, кеңдігі дәріптеледі. Ал мына мен секілді архивтерде отырып, әлгіндей құжаттарды оқыған адамның көзқарасы соған керағар болуы мүмкін. Кейінгі ұрпақ осы архивті оқыған кезде: «ой мына біздің ата-бабаларымыз «халық жауы» болған екен кезінде. Өкіметке, мемлекетке қарсы болғанға ұқсайды, бұл тегін емес, бір шикілік бар ғой!» деп шықпасына кім кепіл?

Сол сбептен де сонау азаматтарды «саяси» тұрғыдан толық ақтайтын заң қабылдауымыз керек. Міне, қазіргі комиссия осы бағытта дұрыс жұмыс істеп жатыр. Бұл саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы комиссияның бөлімшелері еліміздің әрбір облыстарында да құрылды. Бүгінде бұл іске архивтанушылар, тарихшылар мен зерттеушілер, саясаттанушылар, заңгерлер бәрі жұмылдырылып отыр. Ендігі олардың мақсаты – құжаттарға біржақты қарамай, қайта саралап, бұрындары ақталмағандарды анықтап, қудаланғандардың мүмкіндігінше нақты тізімін жасауы тиіс.

**– Менің білуімше, «халық жаулары» деп жазаланғандардың қылмыстық істері әлі күнге дейін қолжетімсіз. Ол құжаттар ұлттық қауіпсіздік комитеттері мен ішкі істер департаменттерінің аранайы архивтерінде сақталған. Олай болса, тізім жасауда облыстардағы комиссияның жұмысшы топ мүшелеріне бұл құжаттармен жұмыс жасауға мүмкіндік беріліп отыр ма?**

– Еліміздің орталығы Нұр-Сұлтан қаласында осы мемлекеттік комиссияның жұмысын басқаратын кеңсе құрылған. Кеңсе мемлекеттік комиссия мүшелерінің қолына арнайы архивтерге кіруге рұқсат қағаз берді. Ал расында, облыстарда мұндай рұқсат қағаз жетпей жатуы мүмкін. Бірақ орталықтағы кеңсеге жергілікті комиссияның мүшелері хабарласып рұқсат қағазды алуға болады. Дегенімен, әр өңір бұл істі бір үйдің баласындай бірлесе отырып жүргізуі тиіс.

Қазіргі таңда мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен ҰҚК мен ІІМ-нің басшылары бәрі осы мәселе бойынша кіруге рұқсат беріп отыр. Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғали деген біздің ұлтжанды азаматымыз бар. Сол барлық құпияланған құжаттарды жариялау жұмысын қолға алып жатыр. Ендігі мақсат – барлық құпия деген құжаттарды мүмкін болғанынша жариялау.

Мұндай жұмыс Ресей мен Украинада әлдеқашан жасалып та қойды. Әрине, кейбір құжаттар тікелей қылмыспен байланысты. Оларды жариялауға болмайды. Өйткені, кей азаматтардың таза қылмысы болса, ол кейінгі ұрпағына ауыр тиюі мүмкін.

Ал біздің комиссиямыз жалған қылмыспен сотталғандардың бәрінің істерін қарап, оларды ақтау жұмыстарымен айналысып жатыр.

**– Қазіргі заман – технологиялар заманы. Расында, мұндай құжаттарды құпиясыздандырып, қоғамға қолжетімді етудің оң тұстары көп. Жамбыл жерінде 2018 жылы майдангерлердің тізімі жасақталғанда, Ресейдің «Память народа» архивтік ашық деректер базасы көп септігін тигізді. Әсіресе, архив құжатының көшірмелерін көзбен көрген соң, күмәнді болған деректер айқындалып жатты. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары да дәл осылай құжаттармен ашық танысуға мүмкіндік алып жатса, нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.**

**Ендігі ретте, тарихшы ғалым ретінде облыстарда құрылған комиссия мүшелері мен жұмысшы топтарына қандай кеңес берер едіңіз?**

– Комиссия құрылғалы бері аз жұмыс жасалған жоқ. Осы жылдың аяғына дейін де бірталай істі қайтарамыз деп отырмыз. Сондай-ақ, архив құжаттарын жариялау жұмыстарын қарқынды түрде жүргізсе деген ниет бар. Менің ойымша, елге, тарихшыларға керекті құпия құжаттардың бәрі алдағы уақытта ашық болмақ. Өйткені, Президентіміз бағыт беріп отырған мемлекеттік комиссия және комиссияны басқарып отрған Мемлекеттік хатшы Қ.Көшербаевтың өзі осы жүйедегі жұмысты тікелей бақылап отыр.

Сондықтан да облыстық комиссияға мүше азаматтар архивтерде жұмыс жүргізе отырып, жазықсыз жала жабылып жазаланған азаматтардың заңды және саяси тұрғыдан ақталуына нақты және тиянақты жұмыс жасауы қажет. Есептілік үшін емес, елдік үшін.

Ал бұл жұмыстарға жоғарыда айтқандарымдай, бүгінде барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

**– Талас аға, мазмұнды сұхбатыңызға рахмет.**

Әңгімелескен
**Мадияр ЕРАЛЫҰЛЫ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,**
**Ш.Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығының ғылыми қызметкері**
*Тараз қаласы*



Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
ҚР Жазушылар одағының төрағасы:

**ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» партиясы фракциясының мүшесі Қазыбек Иса Мәжілістің жалпы отырысында ҚР Үкіметі вице-премьері Е.Тоғжановқа «Егер мәдениет пен тілді сақтай алмасақ біз не үшін отырмыз бұл жерде?» – деген депутаттық сауал жолдағаны белгілі... Онда ұлттық идеологияны ұлтшылдық негізде қалыптастырып, шығармашылық одақтарды қаржыландыру мәселесін көтерді. Бұның алдында Мәжілістің Әлеуметтік-мәдени комитеті «Ұлттың жаңа бейнесін қалыптастырудағы шығармашылық одақтар мен қоғамдық ұйымдардың рөлі» атты алқалы басқосу өткізгені туралы бұған дейін хабарлаған болатынбыз. Мәдениет, Білім және Ақпарат вице-министрлері, облыстық әкімдіктер, шығармашылық одақтар мен қоғамдық ұйымдар жетекшілері қатысқан жиын Парламент тарихында тек қана мемлекеттік тілде өтті. Бұл комитеттің тақырыптық жұмыс жоспарына сай өткен дөңгелек үстел Парламент қабырғасында алғаш рет елдің бүкіл шығармашылық одақтары мен қоғамдық ұйымдары басшыларын жиналып, Ұлттық болмысымызды сақтауды, яғни Ұлттық мүддемізді қорғауға арналған келелі кеңес, дүбірлі жиын болуымен де ерекшеленеді.**
**Тиісті министрліктер басшылары мен шығармашылық одақтар мен қоғамдық ұйымдар жетекшілері бас қосқан жиында Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» фракциясы мүшесі, ақын Қазыбек Иса жасаған «ҰЛТТЫҢ ЖАҢА БОЛМЫСЫ ҰЛТШЫЛДЫҚ НЕГІЗДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ КЕРЕК» атты баяндама порталымызда жарияланған болатын.**
**Бұл өзекті тақырыптың Парламент мінберінен көтерілуі шығармашылық пен зиялы қауым өкілдері тарапынан қолдау табуда. Осынау маңызды мәселеге үн қосқан ұлт зиялыларының баяндамаларын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.**

# БАЛАБАҚША ЖАСЫНАН БАСТАП ТӘРБИЕНІ ТЕК АНА ТІЛІНДЕ СІҢІРУ КЕРЕК

3 маусымда ҚР Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени комитеті «Ұлттың жаңа бейнесін қалыптастырудағы шығармашылық одақтар мен қоғамдық ұйымдардың рөлі» атты алқалы басқосу өткізді. Мәдениет, Білім және Ақпарат вице-министрлері, облыстық әкімдіктер, шығармашылық одақтар мен қоғамдық ұйымдар жетекшілері қатысқан жиын Парламент тарихында тек қана мемлекеттік тілде өтті. Бұл комитеттің тақырыптық жұмыс жоспарына сай өткен дөңгелек үстел Парламент қабырғасында алғаш рет елдің бүкіл шығармашылық одақтары мен қоғамдық ұйымдары басшылары жиналып, Ұлттық болмысымызды сақтауды, яғни Ұлттық мүддемізді қорғауға арналған келелі кеңес, дүбірлі жиын болуымен де ерекшеленеді.

Жиын аясында ҚР Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдаулет баяндама жасап, ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру мәселесін көтерді.

***

Біз тәуелсіздік алғалы 30 жыл бойы ескі мен жаңаның шарпысуында ғұмыр сүріп, тұрмыс кешіп келеміз. Көзіміз жеткен анық мәселе: жаңа заманға, жаңа буынға жаңа қағидалар керек. Ал оны кім жасап береді? Біздің идеологтарымыз асықпайды, философтарымыз әлі толғатып жүр. Ақындарымыз жедел толғап, жазушыларымыз бүгінгінің көркем шындығын жанының домнасында қорытып жазып жатыр. Бірақ, бүгінгі біз бастан кешіп отырған 4-индустриялық революция дәуірінде, интерактивті заманда оқырманнан жаппай көрерменге айналып бара жатқан жас буынға олардың еңбектерін қалай оқытамыз?

Еліміздің экономикасының нарыққа көшуі және соған орай сол тұста көркем әдебиетке мемлекеттік қамқорлық-демеудің әлсіреуі қоғамда рухани дағдарысқа және қаламгерлер мәртебесінің өзгеруіне, ақыры қоғамның интеллектуалдық деңгейінің төмендеуіне әкеп соқтырды. Сондықтан да, «Қоғамдағы коррупцият.б. келеңсіз құбылыстар неден, қайдан туындап, неліктен өрістейді?» деген сұраққа мен «Әдебиетке жете көңіл бөлінбеуден!» деп жауап берер едім.

Бізде сонау жылдардан әдебиетті қолдаудың қажеті жоқ, өзі жазылып, өзі өмір сүреді» деген қате түсінік қалыптасып келген еді. Бұдан қоғам қатты ұтылды. Құдайға шүкір, қазір сол тоң еріп, сең бұзылды. Мәдениеттің маңызды бір саласы, бағыты ретінде Қазақ әдебиетінің рөлі артып келеді. Тек әдебиетті қолдауға қатысты арнайы заңнаманың жоқтығы қолбайлау болып тұр. Рас, соңғы жылдары кітап шығару ісі жанданып, мемлекеттік сатып алу бағдарламасы арқылы әжептәуір қаламақы төлене бастады. Бірақ кітап таралымы әлі мардымсыз болғандықтан, ауылдық, аудандық кітапханаларға жетпейді, кітап саудасы мемлекеттік деңгейде жолға қойылмаған. Кітап басылымының тендерлік конкурстарын маманданған белгілі баспалар емес, ең арзан, төменгі баға ұсынған кездейсоқ кәсіпорындар жеңіп алып, полиграфиялық жағынан сауатсыз, сапасы төмен кітаптар шығарылуы тоқталмай тұр. Және кітап дүкендері қазақ кітабын алмайды. Бұл кітап басу және сату ісіндегі үлкен олқылық. Осы мәселелерді заңмен реттеу керек.

Ал Сіз бен бізге ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлттың сапасын арттыру міндеті жүктеліп отыр.

Ұлттық болмыс ғасырлар бойы қалыптасатынын ескерсек, оны бірден жаңғыртып-өзгерте қою – аса қиын іс, өте күрделі процесс екенін ұғынамыз. Бұл мәселеге жеңіл қарай алмайтынымыз да содан.

Ескі санадан жаңа болмыс жасау мүмкіндігі көне топырақтан жаңа өнім алумен тең. Көктеп шыққан бидайды кекілінен тартып өсіруге болмайтыны сияқты, мұндайда нағыз диқанның ыждаһат-төзімі мен еңбекқорлығы қажет.

Сонымен, жаңа сапалы ұлт өкілі қандай болуы керек?

Ұлы Абай сақтандырған жаман қылықтар бойымыздан асып, қоғамның дертіне айналған кезде ұлт болмысының жаңа қағидаттарын ұрпақ бойына орнықтыру мәселесін оның алғышарттарын жасаудан бастау керек дер едім.

Әдебиеттің жаны – тіл. Ұлттық болмыстың, ұлттық менталитеттің негізі – ана тілінде. Ендеше жас ұрпаққа балабақша жасынан бастап, тәрбиені ең алдымен ана тілінде сіңіру керек. Одан кейін қанша тіл оқытса да сіңімді болады.

Қазіргі сәбилердің тілі мультфильммен шыға бастады. Ал олар бас алмай көретін ең қызықты бейнекөріністің бәрі өзге тілде. Ендеше бізге өз тілімізде мультфильм арнасын неге ашпасқа? Онда ең алдымен үздік, қызықты, өнегелі мультфильмдер қазақшаланып, келе-келе отандық мультфильмдер өндірісін жолға қойып, дамытар едік. Әйтпесе, біз қорқып жүрген жаһанданудың бізге келгенін, біздің ұрпақтарымыз балабақша жасынан бастап әлдеқашан оның құрбанына айналып жатқанын әлі ескермей жүрміз. Сол жаһанданудың аждаһадай аранына оң-солын танымайтын шиеттей сәбилерді жұтқызып қарап отырғанымызды бүгін де, ертең де Құдай кешірмес!

Сондықтан, Президент бастап, Парламент қостап-қолдап, қолға алып отырған Ұлттың жаңа болмысы мәселесі – біздің ұлттық идеологиямыздың қалыптасуы үшін беріліп отырған мүмкіндік деп санаймын. Ең бастысы, біз өз жастарымыздың өз тілінде сөйлеп, білім алғанын, лайықты қызмет істегенін, Қазақстан азаматы ретінде әлем алдында, озық елдердің алдында өзін терезесі тең сезініп, Алаш баласы болып туғанына марқаятындай дәрежеде болғанын қалаймыз. Соған біздің жазған оқулығымыз, берген біліміміз, жазып-ұсынған әдебиетіміз бен мәдениетіміз, өнеріміз, өнеркәсібіміз, ең бастысы «Тіл туралы» Заңымыз сай болуы керек. Әйтпесе, бүгін бетімен кетіп бара жатқан жас ұрпақ тіл мен ділде, салтсана, әдет-ғұрып, әдебиет пен тарихтаісі болмай, «аспанға қарап, жұлдызды санап» жүре бергені ұлтқа абырой әпермейді. Жаңа сапалы ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз – ол Қазақстанның кемел болашағына жол ашу деген сөз.

Менің соңғы жылдар тәжірибесінен байқағаным, мемлекетіміз, оның ішінде Мәдениет және спорт министрлігі біздің Жазушылар одағының жұмысына көмектескісі-ақ келеді, бірақ біз қоғамдық ұйым болғандықтан тікелей қаржы бөліп беруге заңдық тетіктері жоқ.

Сондықтан, Қазақстан Жазушылар одағының атынан мынадай ұсыныстар айтамын: 1.«Мәдениет туралы» Заңға әдебиетті қолдауға қатысты қосымша бап енгізілсе; 2. «Баспа ісі және кітап нарығы туралы» арнайы Заң қабылданса; 3. «Қазақ әдебиетін дамыту жөнінде Мемлекеттік концепция» қабылдануы керек. 4. Қазақ тілінде мультфильм арнасын ашу; 5. Бүгінгі күн тәртібіне байланысты ұсыныс – «Ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру жөнінде Концепция» мен Мемлекеттік бағдарлама қабылданса;

Құрметті депутаттар! Парламент қабырғасындағы бүгінгі дөңгелек үстелді ұйымдастырушыларға ризашылық білдіремін. Замандардың сыны мен сүзгісінен өткен адами қасиеттерді жаңа заманның табанына салып қоймай, талабына айналдыра білсек, ұлт сапасын жаңғырту мүмкіндігінен айырылмауға болады.



Өмірбек ЖҰБАНИЯЗОВ,
ҚР Суретшілер одағының төрағасы:

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОДАҚТАРҒА ҚАЗІР КӨМЕКТЕСПЕСЕ, КЕЙІН ҚҰТҚАРЫП ҚАЛУ КЕШ БОЛАДЫ

Аталмыш жиында ҚР Суретшілер Одағының төрағасы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Өмірбек Жұбаниязов та баяндама жасап, келелі мәселелерді көтерген еді.

***

Қоғамдық ұйымдар халық өкілдері немесе қоғамдастықтын түрлі категорияларының өкілдері болып келеді. Шын мәнінде, бұл өз ұстанымын білдіретін, өз бастамаларын көрсететін халық өкілі.

Мемлекеттің халықпен арадағы байланысы да осылай жүзеге асады. Оның елді дамыту үшін толғақты проблемаларды шешуде маңызы зор. Бұл тұрғыдан келгенде, қоғамдық шығармашылық ұйымдардың ерекше рөл атқаратынын атап өткім келеді. Суретшілер одағы – Қазақстандағы алғашқы қоғамдық шығармашылық ұйым. Таяу арада оған 90 жыл толады. Шығармашылық одақтар Қазақстандағы шығармашылықтың жаңа түрлерінің дамуына тұғырнама болады. Суретшілер одағы өндірістік базасын дамыта отырып, іс жүзінде жоспарлы экономикадағы алғашқы нарықтық құрылымға айналып, өзін-өзі қаржыландыруға көшті. Біздің халқымыз үшін дәл уақытында басталған жаһандану дәуірі бүгінгі таңда күшіне енді. Сол кезде мемлекеттің жаңа мәдениетті қалыптастыруға, білімді дамытуға, өз кадрларын дайындауға, іргелі ғылымның тұғырнамасын қалыптастыруға көрсеткен көмегі елге қуатты серпіліс берді. Бәрі бірге және бірден. Ел алға қарай аяқ басты.

Шындығында, бізде қазіргі таңда не бар: көркемдік білім, жалпы білімнің өзі төмендеді. Білікті мамандар жетіспейді,

бұның жансыздатар проблема екені бәріне аян. Сын жоқ, сараптау жоқ. Суретшілер одағы қаржыландыру көздерінен айырылды, көбісі өз мамандығын тастап кетті, кейбірі кездейсоқ табыспен нәпақа тауып жүр.

Көркемдік деңгейі күрт төмендеді. Қандай ескерткіштердің қойылып жатқанын және көптеген қоғамдық кеңістіктерде қандай сапалы өнер туындылары бар екенін қараңыздар. Алдыңғы буын суретшілерінің жұмыстарын жеке коллекциялар сатып алған, ал музейлерде 1990-2000 жылдардағы Қазақстан бейнелеу өнері тарихы толықтай күйреді. Жақсы жұмыстар тиынтебенге шетел асып кетті. Өмір бойы шығармашылықпен айналысып, шеберханаларда жылдар бойы сұраусыз тұрған керемет туындылар жасаған суретшілер еш жерде жұмыс істемегендей, ең төменгі зейнетақы алады. Біз мемлекет өкілдеріне мынадай сұрақтарды жиі қоямыз: елімізге суретшілер керек пе? Егер керек болмаса, Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы мен Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі және тағы басқа оқу орындарында суретшілерді оқытуды тоқтатқандарыңыз дұрыс деп ойлаймыз. Оның үстіне, олар қажетті талапқа жауап бере алмайтын, дұрыс жолға қойылмаған бағдарламалардың кесірінен лайықты білім ала алмайды.

Жеке және ұжымдық өзін-өзі сәйкестендіруге негізделген ұлттың жаңа бейнесі уақыт талаптарына сәйкес қалыптаса алмайды, терең білім-ғылымсыз, терең мәдени тәрбиесіз оның сын-тезіне жауап бере алмайды. Бүгінгі таңда мемлекет қоғамдық сананың маңызды рухани-гуманитарлық тәрбиесінің бұрынғыдан да маңызды екенін ескереді. Бүгінгі күні ақша, жала жабу, өтірік айту және т.б.жеке өмір сүру принципіне айналған кезде пасықтыққа, өлімге табынуға қарсы тұруға тиіс патриотизмге, білімге деген ұмтылысқа, талғампаздық сезіміне қалай тәрбиелеп, азаматтық ұстанымдар мен адами қасиеттерді балалар мен жастардың бойына қалай сіңіруге болады? Бұл – қоғамдағы үлкен проблема, ал өмір мен уақыттың осы сынтегеуріндеріне қарсы тұратын дәл осы мәдениет, өнер, мәдениет қайраткерлері ғой.

Мәдениетке ерекше қарау керек. Оны аялап, көмектесу керек, ал одан кейін құтқарып қалу кеш болады. Қоғамдық сананы қалыптастыруға шығармашылық пен өнердің әсері – жеке әрі маңызды мәселе. Мұнда шешуін талап ететін көптеген мәселелер кордаланып қалды. Мұны 5 минуттың ішінде айтып шығу мүмкін емес. Бұл мәселе Президенттің немесе Премьерминистрдің деңгейінде бірдебір рет талқыланған емес. Бұл осыған көмектесе алады деген соңғы инстанция болар, бәлкім. Нарықтық қатынастарға кірмей қалған мәдениет қайраткерлері – суретшілердің, жазушылардың жиналып қалған сұрақтары көп.

Оларды нақты шешу үшін Мемлекеттік құзырлы тұлғалар мен Суретшілер одағының өкілдерінің кездесулері қажет.

# МЫҚТЫ ҰЛТ РЕТІНДЕ ЖЕТІЛУ ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҮСТЕМДІГІН ОРНАТУ КЕРЕК

## ХАЛЫҚТЫҢ 70 ПАЙЫЗДАН АСТАМЫ ҚАЗАҚ ТІЛДІ ҚАУЫМ ЕКЕНІН ЕСКЕРЕТІН КЕЗ ЖЕТТІ!



**Ақмола облыстық соты мен Ш.Уәлиханов атындағы КМУ бірлесіп, «Әлем елдерінің мемлекеттік тілдерге деген көзқарасы» тақырыбында ғылымитәжірибелік конференциясын өткізді. Аталмыш жиынға облыстық, аудандық сот төрағалары, мемлекеттік қызметкерлер, адвокаттар, ЖОО өкілдері т.б. қатысты. Конференция қорытындысы ретінде арнайы ҚАРАР қабылданды. Осы келелі жиынға қатысып, сөз сөйлеген барлық спикерлердің баяндамалары «Қазақ үні» ақпарат агенттігінде жарияланатын болады.**
**Алқалы отырысқа қатысқан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасы хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Нұргүл Қарағойшинаның баяндамасын оқырманға ұсынамыз.**

Мемлекеттік тіл мәселесінің өзектілігіне үнемі назар аударып, жанашырлығын танытып жүрген Ақмола облыстық сотының төрағасы мен ұжымына алғысымды білдіргім келеді.

Біз үнемі мемлекет, мемлекеттің келешегі, елдің тәуелсіздігі деген тақырыптарда сөз қозғағанды ұнатамыз. Өз балаларымыздың тәуелсіз Отанында өмір сүріп, тарықпағанын қалаймыз. Сондықтан тәуелсіздіктің басты символы болып табылатын – мемлекеттік тілге қатысты жобаларды жүзеге асыру маңызды.

Ұлттық мәдениет – ұлттың иммунитеті. Ал иммунитеті әлсіреген адамның аурушаң болатыны секілді, ұлттық мәдениеті әлсіреген халықтың да болашағы бұлыңғырлау болып келеді. Мықты ұлт ретінде жетілу үшін ана тіл мен мәдениетімізді көтерудің қажеттілігін бәріміз жақсы түсінеміз. Оның бір кілті – заң саласында мемлекеттік тілдің үстемдігін орнату.

Мемлекет басшысының Жолдауында көрсетілген сот және құқық қорғау жүйесіндегі реформаны жүргізуде қазақ тілінің маңызы зор.

Қазақ тіліндегі сот актілерін жазуда қолданылатын заң терминдері мен стилистикалық бірізділік мәселесі бірнеше жылдан бері талқыланып жүрген тақырып.

Жоғарғы Сот мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты бірқатар жобаларды қолға алды. Жоғарғы Сот Төрағасының сот шешімдерінің сапасын арттыру туралы тапсырмасын орындау және Жоғарғы Сотта қабылданған нормативтік қаулыларға сәйкес біз «Сот актілерінің мемлекеттік тілдегі үлгілері» жинағын шығардық. Бұл қылмыстық және азаматтық істер бойынша 300-ге жуық сот актілері енген көлемі 700 бетке тарта кітапты жасауға 1 жылға жуық уақыт жұмсадық. Ғылыми тұрғыдан талдау үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУдің заң және филология факультеттерінің ғалымдарына, ал заңдылығын облыстық және Жоғарғы Сот судьяларына тексертіп, сараптамадан өткіздік. Көп сатылы тексерістен кейін шыққан кітапты облыстарға таратттық.

Сот актілерінің үлгілері жасалды. Бірақ мәселе өзінің өзектілігін әлі күнге дейін жойған жоқ.

Әсіресе, бүгінгі күні қазақ тілінде жүргізілетін тергеу сапасы сын көтермейді. Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында көрсетілген нормада: «Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады» – деп жазылса да, тергеу тарапынан кемшіліктер жіберілуде. ҚПК-нің 30-бабына сәйкес тергеу амалдары ең алдымен тек мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Бірақ уәжді қаулы шығарылмай тұрып, бастапқы тергеуді орыс тілінде жүргізе салу қалыпты жағдайға айналған. Сот процесі кезінде ойларын орысша жеткізе алмай, аудармашы көмегіне жүгінетіндер көп. Аудармашы біліктілігі де кей кезде қалаған талапқа сай емес. Біз жұмыс барысында мұндай жайттармен жиі кездесудеміз. Шағымданушының өз таңдауы десек те, кілең қазақ ұлтының азаматтары жиналған сот отырысында бір қазақтың сөзін екінші қазақ аударып тұратын сорақы жағдайға жеттік. Бұл біреу үшін күлкілі көрінер. Бірақ таразы басында адам тағдыры тұрған шақта күлетін емес, жылайтын өзекті мәселе.

Әр тергеуші, анықтаушы құжаттарды өз деңгейінде рәсімдеп, орысшадан қазақ тіліне тікелей аударып жүр. Қате жазылған құжат прокуратура, сотқа түсіп, құжаттағы жазылған сөздерді өзгертуге болмайтындықтан, қате сөздер өзгеріссіз қалуда. Бұл жағымсыз үрдіс мемлекеттік тілдегі заң терминдерінің әралуандығына әкелуде. Сотқа келіп түсетін тергеу құжаттарында кеткен кемшіліктер сот процесінің сапасына тікелей әсер етуде. Бұл сала бойынша жетілдіруді талап ететін тұстар көп.

Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабын орындау үшін тергеудің процестік құжаттарын жетілдіру, методикалық тұрғыдан практикалық көмек көрсетуді қажет деп санаймыз. Бұл заман талабы және қажеттіліктен туындап отырған мәселе.

Судьялар жұмысын жеңілдету және барлық тергеу саласының қызметкерлеріне көмектесу мақсатында біз «Құқық қорғау органдарына ортақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша қылмыстық іс жүргізудің процестік құжат үлгілері» жинағын дайындаудамыз.

Қылмыстық істерді қарайтын судьялардың жұмыс тобын құрып, әр тарау бойынша жеке бір судьяның жауаптылығын белгіледік.

Жинақталған 1000-нан астам парақтан тұратын материалды түгел өңдедік. Республиканың белгілі, тәжірибелі тергеушілерінің көмегімен, ҚР Бас Прокурорының қолдауымен прокуратура қызметкерлері қайта тексеру мен сараптамадан өткізді.

Қоғамда жиі қайталанатын 15 бағыттағы қылмыс түрлерін таңдап алып, әр тарау бойынша нақты іс негізінде үш сатылы тергеу бойынша макет сұлбасын дайындаудамыз. Олардың ішінде: Кәмелетке толмағандарға қарсы құқық бұзушылықтар: (Баланы ұрып-соғу; Жезөкшелікке тарту;), Меншікке қарсы құқық бұзушылықтар: (Ұрлық; Бопсалау; Тонау; Қарақшылық.), Алаяқтық, Терроризм актісі. Терроризмді насихаттау, Есірткімен байланысты құқық бұзушылықтар т.б. бар. Бұл тергеу тарихында тұңғыш рет жасалып отырған Жоғарғы Сот, Бас прокуратура және барлық құқық қорғау органдарына ортақ үлкен жоба биылғы жылы жарыққа шығатын болады.

Ең бастысы, сол құжаттардың дұрыс толтырылуының негізін қалауға назар аудардық. Емле үлгісі, стилистикалық және заң техникасының дұрыс сақталуы құжаттарды сауатты дайындауға ықпалын тигізеді деп үміттенемін.

Халықтың 70 пайыздан астамы қазақ тілді қауым екенін ескеретін кез жетті. Күн санап, халықтың тілге қатысты талабы күшейе береді Сондықтан бізге осы бағытта бірлесе жұмыс жүргізіп, нәтижеге қол жеткізу қажет.

**Нұргүл ҚАРАҒОЙШИНА,**
**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасы хатшылығы меңгерушісінің орынбасары**
*qazaquni.kz*

# ЗАҢҒАР

## (Туғанына жүз жыл толған ғұлама ғалым, ірі мемлекет қайраткері Салық Зиманов туралы замандастарының лебізінен)

**Әлия БЕЙСЕНОВА,**
**ҚР ҰҒА академигі, география ғылымының докторы, профессор**

# БІРТУАР ТҰЛҒА

1950 жылдардың орта кезі еді. «Алатау» демалыс үйі сол уақыттағы жалғыз демалыс орны болатын. Сол демалыс үйіне Серағаңмен бірге демалысқа барғанымызда, ол жерде қазақтың бетке ұстар азаматтары – Құрманбек Сағындықов, Әубәкір Жұматов әйелімен, Орталық «Пионерская правда» газетінің тілшісі, кейін «ЖЗЛ» сериясында Шоқан Уәлихановтың өмірі жайында кітап шығарған Ирина Стрелкова жолдасымен – көп адам демалып жатыр екен. Солардың ішінде қағылездеу, ашаң, атжақты сары келіншек пен әдемі, бойы сұңғақ, көз тартарлық жұбайлар дем алды. Таныса келе оның бірі – МГУ-де оқыған және осында диссертация қорғаған, химия ғылымдарының кандидаты Шәрбан Батталова, ал екіншісі заңгер, ғылым кандидаты Салық Зиманов болып шықты.

Түстен кейін ылғи да волейбол ойнаймыз. Үлкендер әңгіме-дүкен құрып қыдырады. Біз жастаумыз. Көбінесе ойынға құмармыз. Сол ойын үстінде Шәрбан Батталқызымен жақсы таныстық. Ол кісі де мен оқыған №12 Киров атындағы мектепте оқыпты. Содан Мәскеуге МГУ-ға кетіпті. Өзі ашық-жарқындығымен, тартымдылығымен, білімділігімен мені қатты қызықтырды. Ол кезде менің институтты жаңа бітірген кезім еді. Әрбір жаны жақсы адамдармен танысуға жаным құмар, арманшыл едім. Сонда мені «япыр-ай, осы кісілердей білімдар болсақ» деген ой мазалады. Мен сөзге баяу, бұйығылау болдым да, сол апамның жүріс-тұрысына, батылдығына, елмен қарым-қатынасының еркіндігіне, біліміне таңырқап, азғантай демалыс уақытында соншалықты қызықтым. Шәрбану Батталқызының волейбол ойыны кезіндегі іс-қимылы еркін, допты лақтырғанда кәсіби маман сияқты құлашын кең сермейді. Ойын кезінде жеңіске жетсе, жас балаша қуанып, шаттана күліп, мәз болады. Сол уақытта ол кісінің бойынан өрлігін, өмірдегі еркіндігін, жан тазалығын байқадым. Сол күннің бірінде Шәрбан апам волейбол алаңында ойнап жүргенде гауһар тасы бар жүзігін жоғалтып алды. Сол жүзігін іздеп жүріп Серағаңмен жерлестігін айтты. Сол жоғалған жүзікті Серағаң екі күн іздеп тапты. Сонда: «Әлия, мынау бір онша қымбат емес, бірақ Сәкеңнің алып берген жүзігі ғой, оны Серік тауып берді», – деді. Ол кісінің абыржымай, ренжімей, жоғалтқан затқа алаңдамай, ойынын одан әрі жалғастыра бергенінің өзі оның ірілігін, әйелдік ұсақ қасиетінің жоқтығын байқатты. Жастау, еліктегіш, байқағыш, осылардай болсам деген арманы бар мені бұл қылықтар алға жетеледі.

Кейін Шәрбан апаммен жиірек кездесіп жүрдім. Аспирантураға түсіп, Мәскеуден кандидаттығымды қорғап келгеннен кейін жолыққанымызда: «Әлия еш нәрсеге алаңдама, осы жолыңды жалғастыра бер. Мені ЖенПИ-ге кафедра меңгерушісі қызметіне шақырып еді, бармадым. Докторлық диссертациямды бітіруді, Академиядағы химия институтындағы жұмысымды жалғастырып, аяқтауды ойлап жүрмін» – деді. Кейін ол докторлық диссертациясын қорғап, көптеген шәкірттер дайындап Академияға мүшелікке өтті.

Отбасының ұйытқысы, балаларының анасы Шәрбан апамның қазақ ғылымында алатын орны ерекше еді. Кездесіп қалсақ, ылғи да маған ғылыми жұмысының жағдайын айтатын, Серағаңды, балалардың жағдайын сұрап, өзін қамқоршы апа ретінде танытатын.

Сол кездегі тартымды сары жігіт Сәкең... Салық Зиманов – ғылымда абыз атанған үлкен қоғам қайраткері, өз тіршілігінен ұлт мүддесін жоғары қоятын, ұлт жанашыры, біртуар азамат.

Сәкеңнің өмір жолын байқасам, орта және жоғарғы мектепте ұстаз болған, бүкіл өмірін Ұлттық Академияда өткізген ғұлама ғалым екенін көрем. Мектептегі математика, физика пәндері қалыптастырған ұстаздық мінезі, әрбір айтылған сөзі есептеулі, елге ой тастайтын, қысқа тұжырымдайтын, жан-жақты білімдарлығымен өзін таныта білетін оның өзінің ерекше тұлға екенін сезінбеуі де мүмкін. Мейлінше қарапайым, сөзге сараң, кейде жымиып қарағанда, сенің не ойлап тұрғаныңды зерделей білетін және қандай ортада тұрса да, соған сәйкес өзін ұстай білетін азамат.

Бүкіл өткен өмірінде ұстаз, білім сардары, қоғам қайраткері, ойы ұлттық идеяға толы, мемлекеттің даму бағдарламаларын жүйелейтін үлкен ойшыл, абыз, адамға ой салатын сөзге шешен. Оның ой тереңдігін болашаққа бағдарлама жасай алатынын мен мына еңбектерін оқығанда байқадым:

«XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың қоғамдық құрылысы». Алма-Ата; 1958 ж. 20 б.т.;

«XYIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның саяси құрылысы». Алма-Ата; 1960 ж. 18 б.т.;

«Шоқан Уәлихановтың саяси көзқарасы». Алма-Ата; 1965 ж. 16 б.т.;

«Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі». Алматы: «Атамұра», 2008 ж. 216 бет.;

«Заңнамаларды бекітуде жаппай іс-шаралар өткізу»; «Заңнамаларды сақтау» туралы қаулы қабылдау; «Ата заңға өзгертулер мен толықтыруларды қажеттілігіне қарай енгізу» және «Қазақ тілі – мемлекеттік тілдің беделін көтеру туралы» бірқатар еңбектері, т.т.

Әділдіктің жаршысы, уақытын тиімді пайдаланатын, көптің ой-пікірлерінің жетегінде кетпейтін, өзіндік тұжырымдамасы мен философиялық қағидасына берік ірі тұлға. Ол жиын-тойға уақытын кетірмей, бөстекі өмірдің жетегіне ілеспей, өзіне-өзі шектеу қойып, жеке тұлға ретінде өзін-өзі қалыптастырды. Сондықтан, Сәкең айналасына сәуле шашатын қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Бір қарағанда жұмбақ, көп ашыла бермейтін, сыры мол жұмбақ тұлға сияқты. Кейде, Сәкеңді мақтап жатқанда, оның көп жағдайда қызыл сөзге ермейтін, мақтауды, қолпаштауды көп көрген адам екенін көресің. Соның бәрін талдап, өзіне керектігін ғана алатыны байқалады.

Менің ағам Бейсенов Бәрімбек Сәрсенұлы белгілі заңгер еді Оның ғылымдағы жолында Сәкең үлкен роль атқарды. Үйде жолдастарымен жинала қалса, Салық Зиманов жайында ылғи да айтып отыратын. Осы сөздерді бала кезімнен менің құлағыма сіңірген де сол болатын. Заңгер жолдасы Имашов Мәжит екеуі ылғи да мақтан тұтып, Сәкеңнің ғылымдағы өресінің биіктігін айтып, өте құрметпен бағалайтын. Бір ортада, бір ғылым саласындағы пікірлес достары Сәкеңнің талап қойғыштығын айтатын. Бірде: «Кандидаттығыңды неге созып жүрсің?», – деп ренжігенін айтып келді.

Мен де әрқашан Сәкеңнің талабына сәйкес өскен, заң саласында ең қиын жолдан өткен, тергеушіден үлкен істер жүргізуге жеткен, оларға әділ бағасын беретін Бәкеңнің сол мінезі үшін Сәкеңнің алдында борышкер екенін мақтаныш сезіммен айтып отырамын. Сол арқылы Салық Зимановтың заң саласында көп салалы бағдарламаларға төрелік айтып, Қазақстандағы заң ғылымының дамуына үлкен еңбек сіңіргендігін, Қарағанды Заң мектебін ашқанда да, сондағы мамандарды даярлауда да Бәкеңе пікір қосып, ақылдасып отырғандығын мақтаныш етемін. Сәкеңнің ғылыми еңбегі мен өткен жолына баға беруден аулақпын, мен білетін ғылым саласы басқа. Бірақ сыртқы көзбен, әйел тұрғысынан, қарындасы ретінде жалпы зиялы қауымның оны қатты сыйлап, тұлға ретінде мойындайтынын көріп келемін. Ол кісіні үлгі, мақтан тұтамын. Сәкеңнің заң ғылымында үлкен із қалдырып, өзінің мектебін қалыптастырғанына мақтанамын.

Сәкеңнің асыл әке, ардақты жар, отбасының тұрақты шаңырақ иесі екеніне мақтанамын. Ертерек кезде көптегеп қыз-келіншектердің «шіркін, менің жарым осы кісідей болса екен» деген пікірлерін естігеніме мақтанамын. Сәкеңнің өмірде отбасында кездесетін ұсақ-түйекке мән бере бермейтін мінезі, адамдық, биік деңгейі үшін, бала тәрбиесіне жауапты қарап, олардан немере сүйген, ақ жарқын жар сүйген азамат болғанына мақтанамын. Бұл мәселеде де Сәкеңнің өзіндік философиясы, өзіндік ұстанымы бар. Оған апамыздың орнын құрметтеп, жеңілтектік көрсетпей, махаббатын жоғары ұстап келе жатқаны үшін үлкен ілтипатпен, құрметпен қараймын.

**Қуаныш СҰЛТАНОВ,**
**мемлекет қайраткері**

# ҰЛТ КЕЛБЕТІ

«Елді Ер танытады», – деп халық ежелден айтады. Бұл ұғым – адам санасымен бірге оянып, бүкіл өмірінде оның шындығына, тұрақты құндылығына көзін жеткізіп жүреді. Ұлттың, елдің, халықтың қабілеті де, сапасы да жекелеген тұлғалардың іс-әрекеті, өнері, қайраткерлік еңбегімен, оның кескін-келбеті мінез-құлқымен өлшеніп, сол тұлғаға қарап, бүкіл ұлтқа баға беріліп жатуы да заңды құбылыс. Бұлай болуы – сондай-ақ әр қоғамның өзіне тән ерекшеліктерінің де көрінісі. Қазақ қоғамы ежелден «Сөз бастайтын шешен мен қол бастайтып батырдың» болуына айрықша мән берумен келеді. Қоғамда да осы талап тұрғысынан қалыптасты. Орынды сөз сөйлеп, ұтымды әрекет бастай алған, тіршілігі таза, еңбегі адал, төрелігі әділ адамға көпшілік қолдау көрсетеді. Қазақ халқы ежелден ондай озық тұлғаларға бай.

Үлесіне сондай Бақ пен Абырой тиген қазақтың ұлттық тұлғаларының бірі – академик Салық Зиманұлы Зиманов.

Салық ағамыздың өмірбаянына зер салсаңыз, оның әуел бастан отаншылдық дүниетанымының берік қалыптасқанына көз жеткізу ешқандай қиындық туғызбайды. Жиырма жасқа жаңа толып, қоғамның алдына шығуға ұмтылған қайрат-жігер толы жігіт шағы Екінші дүниежүзілік соғысқа тұспа-тұс келіп, оның басталған алғашқы күнінен жеңіске жеткен соңғы күніне дейін «от оранып», «мұз жастанып», әскери міндетін, Отан қорғау парызын қаяусыз, мінсіз атқарып, еліне сағынышпен аман оралған ердің бірі болды. Ол кездегі адамдардың рух күштілігін, отан сүйгіштігін олардың өмірінен, еңбегінен, әңгімелерінен, алдыңғы толқын аға буынның жақсы істерінен, қоғамның тыныс-тіршілігінен сезіп, біле алдық.

Төрт жылға созылып, әлемді қырғындықпен шарпыған алапат соғыстан қайтқан жас жауынгерлер қанды майданнан әбден мезі болып, бейбіт өмірге деген ерекше сағынышпен, елдегі жасампаздық еңбекке жанашырлықпен жұмылып еді.

Аға ұрпақтың айрықша жігері, өмірге деген құлшынысы, әсіресе білімге құштарлығымен толықты. Сол құштарлық оларды – білімнің тереңіне бойлатып, шыңына өрмелетті.

Ұлы Отан соғысынан кейін Қазақстанда елдің білім дәрежесі бұрын-соңды болмаған деңгейге көтеріліп, ғылымның жаңа салалары дами бастады.

Салық Зиманов та соғыстан қайтқан жас қазақтар қатарында бірден ғылым жолын таңдап, бүкіл өмірін білім мен ғылымға, ғылымның адам өміріне, қоғамға, мемлекет ісіне қызмет етуіне арнаған мемлекетшіл ғалым дәрежесіне көтерілді. Ол – елімізде Заң ғылымының қалыптасып, өркендеуіне, қоғамның, мемлекеттің адам құқығын сақтап, әділеттік қарым-қатынас тұрақтануына арымай, талмай, қалтқысыз еңбек етумен келеді. Қазақстандағы Заң ғылымы саласындағы ең көрнекті зерттеулер мен ғылыми еңбектер Салық Зиманұлының шығармашылығынан туындады.

Заң ғылымына байланысты жаңа құрылымдар мен қоғамдық ой-сананың өсуіне ықпал ете аларлық пікірлер мен назар аударарлық табысты жаңалықтарға, сондай-ақ азаматтық, мемлекеттік құқық кеңістігін қалыптастыру бағытында талай рет «тұңғыш» деген орынға ие болды. Сонау өткен ғасырдың 50-ші жылдарының соңында Қазақ КСР Ғылым Академиясында құрылған Философия және құқық институтының тұңғыш директоры, Ұлттық университетте ашылған заң факультетінің тұңғыш деканы да Сәкең болды. Тұңғыш ғалым-заңгер, ғылым докторы, профессор, Академик биігіне жеткен де осы біздің Салық Зиманұлы.

Әрине, Салық Зиманұлының осыншама құрметті лауазым, абыройлы атақ төріне көтерілуі – ең алдымен, телегей теңіз білімдарлығының, оқымыстылығының, қажырлы еңбекқорлығының айғағы, нәтижесі.

Өткен ғасырдың соңғы қырық, елу жылының көлемінде Академик Зимановтың ғылыми еңбектері үнемі қоғам назарында көрініп, ғылым саласында, қоғамдық өмірде елеулі оқиға болып, жұрттың пікірін туғызып, жарылқанып жататын. Ғалымның әртүрлі конференция, беделді жиындардағы сөздері де жұрт санасына қозғау салып, құнды бағасын алатын. Қандай мінберде де Салық Зиманұлы ешкімге ұқсамайтын өзіне ғана тән айрықша мәнермен, сөздік қорын өте тиімді пайдаланып, аудиторияның зейінін аударатын екпін береді. Сәкең –



# ЗАҢГЕР

қазақ, орыс тілдерінде еркін көсіліп, бірдей сөйлейтін шешен. Сөздерін де, ойын да қайталамастан, ежіктеп, іркіліп, мүдірместен, шымырлатып, шиыршық аттырып, түйдектетіп, түйіндетіп өрбітеді. Тыңдаушысының құлақ құрышын қандырып, сұрақ пен сезімін нандырып, шешендік өнерінің үлгісін көсете көсіліп, түрлендіріп, тіл, сөз мәртебесін көтеріп сөйлейді. Университет аудиторияларында оқыған лекцияларын тыңдауға тек студенттер ғана емес, оқытушылар, ғалымдар, профессорлар ықылас білдіріп, көптеп қатынасады. Ғалым ағамыз дәл сол кездегі интеллектуалдық тұрпатынан ешқашан танған емес. Ол кісінің табиғатынан жаралған шешендік шеберлігі терең, жан-жақты білімдарлығымен қуаттанып, құлақ салып, зейін қойған көкірекке шәрбат сусындай құйылып, нәр береді. Салалас, сабақтас сөйлемдері көтеріңкі екпін, үзілмес жүйемен, сөз мағынасын ашып, анықтап, тайға таңба басқандай жалғасып жатады. Академик Зиманов заңгерлік тұрғысынан қоғам мен мемлекеттің құқықтық негіздері мен қатынастары туралы көптеген еңбектер жазды. Оның «Бөкей Ордасының саяси құрылымы», «Қазақтардың XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қоғамдық құрылымы», «Россия мен Бөкей хандығы», А.Атишевпен бірлесіп жазған «Шоқан Уәлихановтың саяси көзқарастары», тағы басқа ғылыми зерттеулері біз қандай қоғамда өмір сүрсек те, өзінің құндылығын жоймайтын, керісінше, еліміздің рухани қоры мен мүмкіндігін байытып, дамытып отыратын айрықша маңызға ие, өлшеусіз деректер мен құбылыстарға толы өте ауқымды монографиялық еңбектер. Ғалым еңбектерінің ерекшеліктері – ғылыми сараптаулуында ғана емес, сонымен бірге зерттелген процестердің, қоғамдық саяси күштердің, ресми оқиғалар мен сол оқиғалар ортасында жүрген адамдардың тарихи шындығында, дереккөздерінің жүйелі нақтылығында. Ол еңбектерді қай қоғамның, қай заманның да мемлекеттілерді, зерттеуші ғалымдары, студенттері тәжірибе үшін де, тарихи шындықты білу үшін де, құқық пен қоғамның даму заңдылықтарын түсіну үшін де оқып, зерттесе – көп білімді қамти алары хақ.

Біз әлі күнге дейін саяси науқаншылдыққа бейім тұратынымыз белгілі. «Саясат өзгерді», – деп, кейде барлық мәселелерге саяси билік тұрғысынан қарап, ғылыми, мәдени, рухани құндылықтарды да сыпыра салу – жадағайлық, шолақтық, білместік, білімсіздік, нақтырақ айтсақ – тарихи зердеге қиянат. Біздің қоғамды тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Н.Назарбаев осындай сыңаржақтықтан сақтандырған. Өз билігіне дейінгі тарих құндылықтарын жаппай жойған большевиктердің қателіктерін біз қайталамауымыз керектігі үнемі әңгіме болып келеді.

Бүгінгі қоғам – жаңа қоғам. Жаңа қоғамның жаңа талаптары болары да ешкімнің дауын туғызбас. Осынау әлемдік бәсекелестік өршіп тұрған заманда, халық тұрмысын көтеретін экономика, нақты өндіріс орындарын модернизациялау ісінде бұрынғыдан мүлде жаңа технология өндіріп, пайдалануға ұмтылуымыз қажет. Қатаң идеологиядан құтылдық. Тәуелсіздігімізге тән рухани бостандықты қамтамасыз ететін жаңа құқықтық саяси жүйе, жаңа қоғамдық қатынастар қалыптасып келеді. Сол жаңа технология дамуы мен жаңа құқықтық, ізгілікті мемлекет мүддесіне сәйкес мүлдем жаңа білім қажет екені де анық. Ал осы құбылыстарды түсіну үшін де қоғамдық сана мен азаматтардың тарихи зердесінің тиянақты, әрі күшті болуы үшін де еліміздің өсу, даму жолын, тарихын, сол тарихты жасаған адамдардың еңбегінің біздің болашағымызға пайдасы мол екенін естен шығармағанымыз абзал. Салық Зиманұлының өткен дәуірде немесе бүгінгі заманда жазған ғылыми құқықтық еңбектері біздің мемлекеттік тәуелсіздігімізге нәтижелі қызмет етіп келеді. Өйткені, Сәкеңнің жаңа замандағы мол еңбегін айтпағанның өзінде социализм тұсындағы ғалым зерттеулері ешқандай саяси партияның мүддесінде немесе коньюнктура (бақай есеп) мақсатында жазылмаған. Зиманов еңбектері – ғылымның, тарихтың, қоғам дамуының мүддесінде жазылған терең, тамаша ғылыми зерттеулер, орасан бай, халықтың рухани мұрасы.

Сондықтан да соңғы жылдары «Заң» медиакорпорациясы сараптап, жарыққа шығарған академик Салық Зимановтың 10 томдық шығармалар жинағын рухани өміріміздің аса құнды табысы деуге негізіміз бар. Бұл – біздің ұлттық заңгерлеріміздің қатарында шыққан еңбегі он томға топталған тұңғыш шығармалар жинағы. Мәселе оның тек көлемі мен шығармаларының санында ғана емес, мазмұнында. Ғалымның он томдығының әрқайсысы, тіпті әрбір еңбегінің өзі бірнеше мақала, зерттеулерге арқау боларлық дүниелер. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін өзінің кемеңгерлік кемел шағында қарсы алған Салық Зиманұлы, ұлтымыздың бұл ұлы жетістігінің қадірін көпшілігімізден артықтау сезінген болар. Өйткені, Сәкең біріншіден, XX ғасырдың ең алапат қырғындары мен қайшылықтарын басынан өткізген, қолдан жасалған ашаршылық пен саяси қуғын-сүргінді, адамзат тарихындағы ең жойқын соғыстың дәмін де татып, зардаптарының ауанында өмір үшін күресе білген аға ұрпақтың белді әрі көрнекті өкілі. Екіншіден, Сәкең – тек бір дәуірді ғана емес, өткен ғасырлардағы қазақ қоғамының қилы кезеңдері мен қатерлі өткелдерінің тарихы мен табиғатын, бостандық жолындағы Ұлт- азаттық қозғалыстардың, мемлекеттің құқықтық сипаттарын жан-жақты зерттеп, көптеген ғылыми еңбегімен, қоғамдық қайраткерлігімен елге, сол кездегі Одақ көлеміне, халықаралық дәрежеде танылып, мойындалған қайраткер Тұлға. Үшіншіден, Мәскеудегі Орталық саяси билікке бағынышты болудың жылымығы мен қасаңдығын да бірдей көріп, ұлттық бостандықты, тәуелсіздікті іштегі арман етіп, сол арманын жария етудің қауіптілігін көзімен көрген адам.

Ұлттық бостандығымыздың, тәуелсіз мемлекеттігіміздің туын желбіретіп, іргетасын қаласып, тұғырын тұрақтандырып, қабырғасын көтеруге Салық Зиманұлы кәсіби заңгер-ғалым, жанашыр азамат, ұлт патриоты ретінде де белсене кірісіп, мейлінше атсалысты. Ол бірден еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың стратегиялық бағытын, реформалар жүргізудегі бастамашылдығын қолдап, оның құқықтық кеңістігін жасауға бастаған үлкен керуенінің кедергісіз жүруіне қолма-қол араласты. 1990 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылуының депутаты болып, сол жылы 25 қазанда қабылданған Егемендік туралы Декларация жобасын жазып, оны Жоғарғы Кеңесте талқылап, қабылдауға бастамашы болды.

Өткен ғасырдың 80-90 жылдарының тоғысында қоғамдағы әртүрлі ағымдар мен көзқарас, пікірлер қақтығысып, «үлкен қазан» бұрқылдап, қайнап тұрды. Ондаған жылдар, бірнеше ұрпақ ұстанып келген құндылықтар күйреп, жойылып, жұрт жаңа өмірге ұмтылды. Жаңа сенім, жаңа құндылық іздеді. Аласапыран дүниенің таласында неше түрлі ойдан шығарылған мақсаттар мен жобалар да болмай қалған жоқ. Осындай дағдарыс кезінде ел бастаған, елге ізгілікті жол көрсеткен Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жанында да өзара пікір салыстырып, арқа сүйер әріптестері, кеңес берер ақылмандары, көмекшілері, білікті оқымыстылары, жұрт сенетін беделді тұлғалардың болуы – Заңды қажеттілік еді. Президент Академик Салық Зимановтың сөзіне құлақ асатын. Өйткені, Сәкең нені айтса да біліп айтады. Қай кезде де Сәкеңнің пікірі, ойы ашық, анық. Нені болса да шындығын айтады. Қажетінде дәлелдейді. Сәкеңнің осы қасиеттерін жоғары бағалаған Елбасы оның жаңа, жас мемлекетіміздің іргелі, ең маңызды мәселелерін жүзеге асырып, қоғамның құқықтық кеңістігін қалыптастыру ісіне мейлінше араласуына мүмкіндік туғызды. Сәкең Президент жанынан құрылған бірнеше консультациялық кеңестер, жұмысшы топтарына мүше болып, әртүрлі құқықтық, мемлекеттік жобалар жасап осы бағытта жаңа заңдардың әзірленіп қабылдануына белсенді түрде қатынасты. Әсіресе, жоғарғы Кеңесте қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін беру, «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заң жобаларын талқылап, қабылдауда академик Зимановтың атқарған рөлі айрықша зор. Сол мәжілістерде Сәкең бірнеше рет сөз алып, жұртты бір мәмілеге келтіретін орынды да дәлелді сөздер айта білді. Бөлініп, жарылып отырған көпшілік депутаттардың кереғар пікірлеріне орынды уәж айтып, бір арнаға түсуіне шешуші ықпал етіп жүрді.

Сәкең Жоғарғы Кеңес мәжілістерінде де, бұқаралық ақпарат құралдарында да, жұрт жиналған әртүрлі қоғамдық аудиторияларда да тәуелсіз мемлекеттігіміздің қалыптасып, азаматтық қоғам, құқықтық ел болу жолдарын насихаттау, түсіндіру бағытында қыруар жұмыс атқарды. Ол кісінің баспасөзге шыққан сұхбат, мақалалары ешқашан қоғам назарынан тыс қалмаған. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары қоғамда біздің мемлекет болуымызды, елдің тұтастығын қаламайтын әртүрлі күштер, саяси топтар болды. Олардың кейбіреуі тіпті заңды түрде тіркеліп алып, ашықтан ашық біздің мемлекеттік тілімізге қарсы шығып жүрді. Ондайлар онысымен қоймай, еліміздің басқа этнос өкілдері көбірек тұратын өңірлерінде референдум өткізіп, Қазақстанның құрамынан шығып, басқа көршілес мемлекетке телінуге шақырып, жұртты азғырды. Бұрынғы Кеңес Одағы құлағаннан кейінгі, әсіресе, экономикалық дағдарысты, әлеуметтік тұрмыстың тым төмендеп кеткенін пайдаланып, «Қазақстан өз бетінше мемлекет бола алмайды» деп сәуегейлік уағыз жүргізіп, жаңа құрылып жатқан мемлекеттік билік институттарына, үкіметке, Жоғарғы Кеңеске, тіпті, кей жағдайда Президентке де соқтығып, сенімсіздік туғызып, ел ішіне жік салып, мемлекеттігімізге қарсы әрекет жасады.

Міне, осындай қиын кезеңде Президент Н.Назарбаевтың жас мемлекетімізді тұрақтандырып, ел бірлігін қалыптастырып, қоғамдық келісім арқылы елдегі тыныштықты қамтамасыз етуге нақты шаралар ұйымдастырып, сабырлы, тиянақты саясат жүргізуі қолдап, сол саясаттың ел, мемлекет мүддесін қорғайтындығын дәлелдеп халыққа жеткізетін интеллектуалдық топтың ең алдыңғы қатарында осы Салық Зиманұлы жүрді. Сәкеңнің мерзімді баспасөзде жарық көрген өткір мақалалары, теледидарда, әртүрлі жиындарда сөйлеген сөздері өзінің заңнама тұрғысынан негізділігімен, ой, пікір нақтылығымен, нанымдылығымен көпшіліктің жүрегіне жетіп, түсінік тауып жататын. Олай болатын себебі – ол мақалалар мен сөздер, ең алдымен, мемлекет мүддесін батыл қорғайтын. Әділі – өмірдің, қоғамның қаншалықты аумалы-төкпелі, аласапыран замандардың ешқайсысында Сәкең – Ғалым, Азамат, Заңгер ретінде өзінің табанды мемлекетшілдік ұстанымынан тайған емес. Мемлекет ісін ұйымдастырушы құзырлы орындардың қызметін сараптап, оның жетістіктерін айтып, кемшіліктері болса – әділ сынап, оны жақсартудың жолдарын көрсететін маңызды ұсыныс, көзқарасын білдіруінің өзі де ортақ мүддеге мол пайдасын тигізері хақ. Онысы жанашырлығы. Жақсы болсын дегені. Сондықтан да ғалымның ары таза, жүзі жарқын. Ұлағатты Ағамызды жұрт осы қасиеті үшін де ерекше сыйлады.

Академик Салық Зиманұлының мемлекеттік тәуелсіздігіміздің өткен жылдарында тындырған еңбегі орасан. Жоғарыда айтылғаны – ардагер қоғам қайраткерінің шығармашылық еңбегінің ширегінің шеті ғана. Олардың бәрін тізбектеп шығу мүмкін болмаса да «Конституция және Республика Парламенті», «Құқық қорғау жүйесіне түбегейлі өзгеріс», «Абай – ұлы билердің соңы және оның білім-біліктері туралы», «Мемлекет және мұнай саласындағы келісімдер», «Қазақтың билер соты – айрықша сот жүйесі», «Қазақтың «Жарғы құқығы», «Қазақтың Академиялық Университеті және мемлекеттік-құқықтық ғылым» сияқты ірі монографияларын атамай кету мүмкін емес.

Академик Салық Зимановтың қоғамдық қызметіне тоқталғанда – ұстаздық еңбегін ерекше бөліп айту орынды болар еді. Бүгінгі жаңа Қазақстанның құқықтық кеңістігінде еңбек етіп, республика, өңірлердің әртүрлі деңгейлерінде құқықтық лауазымдық мындаған қызметкерлер Зимановтан дәріс алғанын мақтанышпен айтады. Күнделікті жұмыстарында ғалымның теориялық еңбектеріне сүйеніп, сілтеме жасап жүреді. Сәкеңнің ғылыми жетекшілігімен ондаған, жүздеген заңгерлер ғылыми диссертацияларын қорғады. Ардагер ғалым – жаңалыққа жаны жақын, ғылымға, заң өңіріне келген жастарға қамқор. Сәкең болмысынан реформатор, ізденгіш. Ғылымға, өмірге қызығушылығы басым.

Салық Зиманов – бүкіл болмысымен өзінің шығармашылығымен, айрықша қайраткерлігімен ұлтымыздың еңсесін көтеріп, бейнесін көріктендірген келісті тұлға. Ұлтымыздың келбеті.

**Пандемия COVID-19 вызвала кризис во всем мире во многих отраслях экономики. Если раньше были финансовые кризисы, кризисы по экономическим причинам или из-за падения цен на нефть, то нынешний кризис возник оттуда, откуда никто не ждал – из-за карантина, локдауна, закрытия границ и предприятий, простаивания целых отраслей экономики. Люди просто оказались изолированными в условиях карантина.**




# РК: ПОЧЕМУ НЕ ПЕРЕНИМАЮТ ОПЫТ ИСЛАМСКОГО БАНКИНГА?

### ЧЕТКИЙ СИГНАЛ БАНКАМ

Негативным фактором и следствием стало падение спроса, кризис явно проявился в таких отраслях, как сфера услуг, торговля (оптовая и розничная), туризм, производство и других. Многие организации, производства, компании были вынуждены приостановить свою деятельность, немало закрылись, а люди остались без работы.

В таких кризисных условиях большую роль в стабилизации экономики, социальной жизни страны может сыграть наша банковская система, которая устояла в период пандемии и карантина, сохранила свои позиции и показала свою жизнеспособность.

Устойчивость банковского сектора Казахстана к экономическим шокам в последнее время отмечали и международные рейтинговые агентства. В свое время были повышены требования по поддержанию капитализации, улучшению бизнес-процессов банков, усилены меры по контролю и регулированию финансового рынка.

Например, по итогам десяти месяцев 2020 года финансовое состояние банков остается устойчивым: на 1 ноября БВУ имеют существенный запас ликвидности в размере 14,2 трлн тенге, уровень достаточности основного капитала составил 20,4% при нормативном минимуме 7,5%, а для системообразующих банков, к которым относятся Народный банк Казахстана, Kaspi Bank и ДБ АО «Сбербанк», минимальный норматив составляет 9,5%.

В то же время сама неординарная ситуация, вызванная COVID-19, предполагает трансформацию банковской системы, когда банки могут взять на себя роль компаний, которые будут развивать финансовые технологии, небанковский продукт и т.д.

Да, талантливые финансисты способны своей грамотной и продуктивной работой поднять экономику страны. И для этого в Казахстане есть все условия.

К тому же некоторые проекты отдельные банки уже проводят в жизнь – те же онлайн-платежи с помощью мобильных приложений, оплата товаров и услуг в интернете и т.д. Можно вкладывать деньги в какие-то проекты, нанимать специалистов, менеджеров в ту часть экономики, которая в других странах обычно развивается сама по себе. Например, в области IT или интернет-торговли.

Ведь рост электронной торговли влечет за собой рост доставочных и логистических сервисов. При этом банки могут идти разными путями: какие-то банки развивают свои сервисы, какие-то покупают готовые проекты, кто-то вступает в партнерство с работающими организациями и т.д. И у всех цель одна – создавать работающий проект на благо страны, общества и населения.

Или недавно в СМИ писали, что в Казахстан заходит китайский сервис заказа такси DiDi – онлайн-сервис, который соединяет



водителей и пассажиров. Водители не являются сотрудниками DiDi, и в Казахстане DiDi будет сотрудничать только с юридическими лицами – таксопарками. А ведь эту нишу могли занять наши банки в сотрудничестве с таксопарками, и оператором мог быть казахстанский.

В первые годы независимости Казахстана деньги с большим трудом выделялись на производство, в те годы правительство выделяло деньги в основном на коммерческие цели, которые имели быструю отдачу. Эта практика осталась и в последующие годы: львиная доля инвестиций шла в сырьевой сектор.

В такой системе зачастую отсутствовала социальная составляющая, программа по финансированию отдельных отраслей народного хозяйства, действительно нуждающихся в финансировании, субсидировании, долгосрочном кредитовании.

